

Бас редакторы:
А. Сәдібекұлы

Жауапты хатшы
К. Әбілсейітқызы

Техникалық редактор
Р. Мұратқызы

Редакция мекен –жайы:
Шымкент қаласы
Төле би 21 А

Редакция телефоны
+7 777 542 6070

Эл.почта
ustazenbegi@mail.ru

Шығу жиілігі:
Кемінде айына
4 рет

Таралымы
500 дана

Журнал
«USTAZ ENBEGI»
редакциясында
басылды

ustazenbegi.kz



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК «USTAZ ENBEGI» ЖУРНАЛЫ

Қыркүйек - Сентябрь 2025ж №09 (96-журнал)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ КОМИТЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы

КУӘЛІК

№ KZ47VPY00115486 Берілген күні: 27.03.2025 ж.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ " КОМИТЕТ ИНФОРМАЦИИ МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

О переучете периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания

СВИДЕТЕЛЬСТВО

№ KZ47VPY00115486 дата выдачи: 27.03.2025 Г.

Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, мақалалар, сценарийлер, баяндамалар жиынтығы

Сборник открытых уроков, статей, сценариев, докладов учителей РК

Атауы: «USTAZ ENBEGI» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Название: Республиканский научно-методический журнал «USTAZ ENBEGI»

Тілі: қазақ, орыс, ағылшын

Язык: казахский, русский, английский

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Территория распространения: Республика Казахстан

Негізгі тақырыптық бағыты: Білім саласына арналған ғылыми-әдістемелік журнал


Основное тематическое направление: Научно-методический журнал для образовательной сферы

Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқада мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.

Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность за опубликованный материал несет сам автор.

Мазмұны:
Содержание

1. Мақұлбекова Д. Ә - Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық технологиялардың тиімділігі.....	3
2. Баетова Д. Р - Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластарына эксперименттік, сандық есептер шығару және сапалық талдау.....	6
3. Талпакова А. С - Кәсіби бағдар беру процесінде ата-аналармен жұмыс жүргізудің өзектілігі.....	11
4. Жеңісқанов Ж. Е, Қабылахметова А. С - Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған есептер.....	15
5. Демеуова Л. К - Балаларға арналған қауіпсіз интернет ережелері.....	18
6. Курбанова Р. Н - «Зимовье зверей».....	22
7. Кульпеисова С. С - Геоэкологиялық жобалау	26
8. Червякова Р. Г - Актуальность и перспективы авторской программы «Развитие функциональной грамотности на уроках физики в 6-х классах».....	30
9. Алпысхан А - Мәтін маржандары.....	35
10. Абенова М. Е, Исакова А. С - «Заманауи әдістер – балабақшадағы тиімді тәрбиенің кепілі».....	39
11. Зияшова А. С - Мектепалды даярлық сынып балаларының танымдық, шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы қалыптастыру.....	42
12. Рахимова А. Г - Тәуекел топ оқушылармен жұмыста тиімді техникалар.....	47
13. Нуркалиева Р. М - Білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру жолындағы тапсырмалар жинағы.....	50



**Жамбыл облысы, Меркі ауданы
№ 44 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Мақұлбекова Динара Әлімханқызы**

Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық технологиялардың тиімділігі

***Аңдатпа.** Бұл мақалада жаңа дәуірдегі Қазақстанның білім беру жүйесіндегі негізгі даму бағыттары мен инновациялық үрдістері қарастырылады. Автор қазіргі білім беру саласының жаһандану үдерістерімен, ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысын айқындай отырып, педагогикадағы цифрлы оқыту технологияларының артықшылықтарына тоқталады. Әсіресе сабақ барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық құралдардың оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы орны жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, педагогтің ақпараттық мәдениеті мен жаңа технологияларды меңгеру деңгейі білім сапасын арттырудың негізгі факторы ретінде көрсетіледі.*

***Түйінді сөздер:** жаңа дәуір, білім беру жүйесі, инновация, ақпараттық технология, педагогика, электрондық оқулық, мультимедиялық технология.*

Жаңа дәуірдегі жаңа Қазақстанның негізгі даму бағыттарының бірі – білім. Бұл аспекті еліміздің даму бағыты мен бағдарын айқындап, өзінің жеке даңғыл жолының тарамдалуына жол ашады. Сол себепті, бүгінде еліміздің білім беру жүйесінде сан алуан өзгерістер орын алуда. Қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі даму тенденциялары, инновациялар мен технологиялар тек бұл саланың ғана жандануына емес, сондай-ақ, бүтін бір қоғамның негізгі іргесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда әлем елдерінің бір-бірінен салыстырмалы түрде артықшылығы оның табиғи ресурстары немесе қазба байлығымен емес, адам капиталымен, біліммен, инновациялық технологиямен өлшенеді. Технократтық кезең қанатын кеңге жайған тұста әлемдік үдерістер мен жаһандану білім беру саласын түбегейлі өзгертуге бетбұрыс жасауда. Білім – бүгінгінің басты капиталы. Адамдар интеллектісінің жарқын көрінісі де осы білімнен көрінбек. Сондықтан, бүгінде қазіргі білім жүйесіне жаңа тенденциялар енгізу, инновациялық құралдардың көмегіне сүйену аса маңызды саналады.

XXI ғасыр жалпы қоғамдық салаларға, соның ішінде білім беру жүйесіне ерекше әсер етті. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуы жалпы білім беру саласында айрықша көрінді. Ғылыми прогрестің үздіксіз дамуы білім беру саласын жаңашылдыққа бастады. Жалпы еліміздегі білім беру саласында инновациялық технологияларды қолдану – бүгінгі білім көкжиегін кеңейтетін бірден-бір жол. Бүгінгі білім беру саласы жаһан жаңалықтары мен технологиялық өзгерістердің негізгі алаңына айналды. Жылдан жылға түрленіп, жанданып келе жатқан аталмыш саланың өткені мен бүгінін

салыстыру мүмкін емес. Себебі, инновациялық жаңалықтардың толқыны білім беру мен оқытудың формасын түрлендіріп жатыр.

Ақпараттық технологиялар дамыған сайын, білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енуде. Жалпы, педагогика цифрлы оқыту технологияларымен тығыз байланысты. Олардың дамуына орай, педагогикалық орта мен әдіс-тәсілдер де өзгереді. Бүгінде цифрлы технологиялардың алуантүрлілігі білім алудың сапасын көтеріп қана қоймай, білім алудың жаңа тәсілдерін құруға да мүмкіндік беріп отыр. Және де ұстаз пен оқушының арасындағы қарым-қатынастардың жаңаша түрін қалыптастыра бастады.

Түрлі технологиялар көп-ақ, дейтұрғанмен олардың арасынан қажеттілігін ғана тандап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – менің басты талаптарымның бірі. Мәселе, технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Сол себепті де сабақ барысында барысында көрнекілік әдістер мен техникалық құралдарды қолданамын.

Жалпы, сабақ барысында жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді. Сондай-ақ, жаңа ақпараттар легі көбейіп оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Мәселен, сабақ барысында қолданатын электрондық оқулықтардың артықшылықтарын айтып өтейін. Аталмыш оқулықты пайдалану барысында оқушы бұрын алған білімін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологиялардың атқаратын қызметі де орасан зор. Еліміздің білім беру моделіне толыққанды өзгеріс әкелген цифрландыру сабақ жүргізу, оқыту процесі секілді бірқатар мәселелерді жандандырды. Сондықтан, қазіргі таңдағы білім беру жүйесіндегі негізгі тенденциялар, инновациялар мектептегі оқыту ісін дамытатыны сөзсіз. Осы бағытта жүргізілетін шаралар да білім беру ісін жаңа бағытта құруға атсалысып жатыр. Цифрлық технологиялардың жедел дамуы салдарынан бүгінде ақпараттар ағымы өте көп. Тіпті, санынан адам жаңылады. Осыған байланысты педагогтерге артылар жүкте артты. Мәселен, педагог – ақпараттық мәдениеті жоғары, кез-келген технологияларды меңгерген болуы шарт. Бұл мәселеге мен де бей-жай қарамаймын. Өз тәжірибемде мультимедиялық технологияларды көбірек қолданып, оқушыларға ғаламтордан тақырыптық бейнекөріністер көрсетемін. Компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін толық пайдаланып, оқушыларға талдау жұмыстарын жасатамын. Олардың терең де тиянақты білім алуларын қамтамасыз етемін. Графикалық материалдар мен презентациялық слайдтар жасау арқылы, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, танымдық және есте сақтауын қалыптастыруға әрекет етемін. Оларға сұрақ қоя отырып, өздерінің көргендерінен ой-пікірлерін сұрауды да ұмытпаймын. Бұл арқылы жасөспірімдердің өз пікірлерін еркін жеткізе білуіне, бірін-бірін тыңдай білуге ұмтылады.

Бүгінгі білім беру саласындағы инновациялық өзгерістер оқыту ісін жандандыруға бағытталған. Балалардың сабақтан тыс жұмыстарына өзінің игі әсерін тигізіп, жаңа ақпараттарды қабылдауына, инновациялық құрылғылармен жұмыс істеуіне мүмкіндік туады. Бұл еліміздің болашағы саналар жасөспірім ұрпақ, оқушы үшін аса маңызды. Мен де өз сабағымды осы мәселелерді ескере отырып, түрлі бағыттағы ақпараттық-технологиялық әдістерді қолданамын. Ал, компьютерлік сабақтарда көбіне компьютерлік бағдарламалар мен электрондық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беремін. Себебі, бұл әдіс арқылы оқушылар кез-келген тақырыпты еркін меңгеріп, пәнге деген қызығушылығы артады, ой-танымы кеңейеді, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасайды. Қазақ тілі сабағында компьютерлік тестілеуді қолданудың өте көп көмегі тиеді. Бұл – оқушылардың интеллектуалдық танымын, логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, қазіргі замандағы білім беру тенденцияларын зерделеу, сол арқылы оқыту процесін жеделдету, инновациялық технологиялардың қолданылуы үлкен жетістіктерге апарары сөзсіз. Осы орайда еліміз де білім беру саласына баса назар аударып, аталмыш салаға көбірек көңіл аударуда. Шетелдік тәжірибе мен инновациялық технологияларға сүйене отырып, оқытудың жаңаша моделімен оқушыларға сабақ жүргізу – бүгінгі күннің басты міндеті. Сондықтан, жаңашылдық пен жаңалықтың, тенденция мен инновацияның тиімді мүмкіндіктерін пайдалана отырып, бүгінгі білім беру жүйесінде сапалы әрі пайдалы өзгерістер енгізу – әр педагогтың негізгі функциясы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жабелова Т.Е Еуразиялық кеңістікте ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы мәселелері // Саясат-Policy.-2011.– №8. Б.12-13
- 2 С.Жолдасбеков, С. Мәжитов Қазақстан тарихы Оқулық. Алматы: Мектеп 2006ж.
- 3 Рахитов А. И. «Философия компьютерной революции» 1991;
- 4 Бөрібаев Б. «Жаңа ақпараттық технологиялар» – Алматы, 2003
- 5 Істеміров И. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары-Алматы, 2007



**Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б. Момышұлы ауылы
«Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицей» КММ
химия және биология пәндері мұғалімі
Баева Дана Рысбекқызы**

Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластарына эксперименттік, сандық есептер шығару және сапалық талдау

(Жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына арналған)

Авторлық бағдарлама

Бағдарлама 8 сынып жас ерекшеліктерін және химия пәні бойынша білім, біліктерін, оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, жылына 34 сағат жүктемеде жасалып, жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына химия пәнінде қолдануға ұсынылған.

Бағдарламаның мақсаты: Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластарына логика тұрғысынан сандық және сапалық талдау жасай алуға үйрету.

Міндеттері:

1. Оқытуды өмірмен тығыз байланыстыру;
2. Күнделікті өмірде кездесетін маңызды химиялық заттармен жұмыс жасағанда қауіпсіздікті сақтау, сауатты жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру;
3. Алған теориялық білімдерді химиялық есептер шығаруда белсенді пайдалану;
4. Заттардың құрамы, құрылысы және қасиеттері арасындағы байланыс туралы ғылыми –жаратылыстану тұрғысынан көзқарас қалыптастыру;
5. Білім алушылардың химия пәні бойынша функционалдық сауаттылығын арттыру;
6. Теориялық білімін сандық, эксперименттік есептер жаттығулар орындаумен ұштастыру;
7. Білім алушылардың логикалық ойлауы мен тәжірибелік білімдерін жетілдіру;
8. Оқушыларды өз бетімен белсенді жұмыс істеуге үйрету.

Бағдарламаның өзектілігі:

Аталған тақырып әлемдік білім беру үдерісінде XVIII ғасырдың екінші жартысынан бері өзекті. Отандық білім берудің сапасын жақсарту, білім алушылардың оқу-танымдық, интеллектуалды және сарамандық іскерлік дағылары мен қызығушылықты ояту қазіргі кезде өзекті. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында химиялық мен экологиялық білімді ұштастыра отырып, сапалық талдау жасату арқылы функционалдық сауаттылық дағдыларын арттыру қазіргі білім беру жүйесінде маңызды.

Бағдарламаның жаңалығы:

Педагогикалық жаңалығы : Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластарын сын тұрғысынан ойлау, жасанды интеллект және CLIL технологиялары арқылы оқыту бұл бағдарламаның педагогикалық жаңалығы.

Психологиялық жаңалығы: Аталған бағдарламаны оқыта отырып, баланың химия пәніне деген қызығушылығы мен эксперименттік, сандық есептерді логикалық тұрғыдан оңай есептеу және сапалық талдау жасай білу дағдысын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқытуды өмірмен тығыз байланыстырады;
2. Күнделікті өмірде кездесетін маңызды химиялық заттармен жұмыс жасағанда қауіпсіздікті сақтау, сауатты жұмыс істеу дағдысы қалыптасады;
3. Алған теориялық білімдерді химиялық есептер шығаруда белсенді пайдаланады;
4. Заттардың құрамы, құрылысы және қасиеттері арасындағы байланыс туралы ғылыми –жаратылыстану тұрғысынан көзқарас қалыптастыру;
5. Білім алушылардың химия пәні бойынша функционалдық сауаттылығы артады;
6. Теориялық білімін сандық, эксперименттік есептер жаттығулар орындаумен ұштастырады;
7. Білім алушылардың логикалық ойлауы ментәжірибелік білімдерін жетілдіреді;
8. Оқушыларды өз бетімен белсенді жұмыс істеуге үйренеді.

Химия пәнінен жазылған Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластарына эксперименттік, сандық есептер шығару және сапалық талдау атты авторлық бағдарламаның алғашқы бөлімі **«Кіріспе. Бейорганикалық қосылыстар – әлем құрылымының кілті»** тақырыбымен аталады. Бұл бөлімде 8 сағат: «Кіріспе. Бейорганикалық заттар: әлем неден тұрады?», «Оксидтер: ауа, оттек және зиянды газдар», «Қышқылдар: лимон, батарея, жаңбыр», «Негіздер: сабын химиясы», «Тұздар: дәм, тыңайтқыш, дәрі», «Қосылыстар арасындағы байланыс», «Судың құрамы, физикалық және химиялық қасиеттері», «Формулалармен жұмыс», «Бөлімді қорытындылау, бекіту (карталар, ойын)» тақырыптары қамтылған. Аталған бөлімді:

Ақпараттық коммуникативті оқыту технологиясы;

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы;

CLIL пән мазмұны мен тілді бірлесе оқыту технологиясы;

Сандық, эксперименттік талдау әдісі арқылы оқытамыз.

Авторлық бағдарламаның екінші бөлімі: **«Сапалық реакциялар – затты танудың жолы»** 12 сағатқа арналып жасалған. «Заттардың қасиеті – сапалық кілт», «Индикаторлар: түс сөйлейді», «рН ұғымы және тұрмыстық сұйықтардың қышқылдығын анықтау», «Қышқыл мен сілті: қақтығыстың нәтижесі», «Газ бөліну:

карбонаттарға сапалық реакция», «Шөгінділер: тұнбаның мәні», «Амфотерлік заттарды тану», «Ион алмасу реакциялары. Электролиттер мен бейэлектрлиттерді анықтау», «Катиондарға сапалық талдау», «Аниондарға сапалық талдау», «Лабораториялық жұмыс: Белгісіз үлгіні анықтау», «Бөлім қорытындысы» тақырыптары қамтылған. Аталған тақырыптарды оқыту барысында төмендегідей технологиялар қолданылады:

Модульді оқыту технологиясы;

Интербелсенді оқыту технологиясы;

Инновациялық технологиялар;

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы.

Бағдарламаның «Химиялық есептер – логика тілімен» бөлімі 12 сағат көлемінде, «Есеп шығарудың құрылымы: Зат массасы мен формула», «Реакция теңдеулерін құрастыру арқылы есептер шығару», «Қалыпты жағдайда есеп шығару», «Мольдік қатынас және газ көлемі», "Есептер: Реакция шығымы», «Логикалық есептер (кері есептер)», «Электролиз», «Электролиз және тәжірибелік есептер», "Графика, кестемен есеп», «Эксперименттік есеп: оксидтерден тұздар мен қышқылдар түзілуі», «Экологиялық есептер. Қышқыл жаңбырлар мен ауыр металдар», «Аралас есептер» тақырыптары негізінде оқытылады.

Негізгі бөлім

1. Эксперименттік оқыту әдістері

Бейорганикалық қосылыстарды меңгерту барысында тәжірибелік жұмыстардың орны ерекше. Мысалы:

- **Оттекті алу тәжірибесі:** сутек асқын тотығын марганец (IV) оксиді арқылы ыдырату;
- **Сутекті алу тәжірибесі:** қышқыл мен мырыш әрекеттесуі арқылы газды жинау;
- **Электролиттік диссоциацияны көрсету:** тұздардың ерітінділеріндегі иондардың электр тоғын өткізу қабілетін анықтау.

Бұл тәжірибелер оқушылардың қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, реакция теңдеулерін дұрыс құру дағдыларын арттырды.

2. Сандық есептерді шығару

Сандық есептер оқушының теориялық білімін нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырады. Бағдарламада мынадай есептер ұсынылды:

- Газдардың молярлық көлемін есептеу (22,4 л ұғымы);
- Ерітінді концентрациясын (молярлық, массалық үлес) есептеу;
- Салыстырмалы тығыздық бойынша молекулалық массаны табу.

Мысал: 11,2 л (қ.ж.) оттектің зат мөлшерін есептеңіз.

$$n = V/V_m = 11,222,4 / 22,4 = 0,5 \text{ моль} \quad n = V_m/V = 22,411,2 / 44,8 = 0,5 \text{ моль}$$

3. Сапалық талдау

Сапалық талдау оқушыларға катиондар мен аниондарды анықтаудың негізгі әдістерін үйренді. Мысалы:

- **Катиондарды анықтау:** жалынға енгізгенде натрий – сары, калий – күлгін, кальций – қызыл түс береді.
- **Аниондарды анықтау:** хлорид ионы AgNO_3 -пен әрекеттесіп, ақ тұнба түзеді; сульфат ионы BaCl_2 -пен әрекеттесіп, ақ тұнба береді.

Бұл тәжірибелер функционалдық сауаттылықты арттырып қана қоймай, оқушылардың зертханалық мәдениетін қалыптастырды.

Қорытынды: Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластарына эксперименттік, сандық және сапалық талдау жұмыстарын кіріктіре оқыту – оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, зерттеушілік қабілетін дамытады және білімді өмірде қолдануға үйретеді. Мақалада ұсынылған әдістер мен тапсырмалар мектеп жағдайында тиімді жүзеге асырылады және оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған

Пайдаланылған әдебиеттер

Мұғалімдер үшін:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2023.
2. Сәдуақасқызы К. С. «Химияны оқыту»: – Астана. – 2013. – 320б
3. Аманжолов Қ. Е»Жаңа форматта химия пәніне аттестацияға және ҰБТ-ға дайындық(оңтайлы әдістер арқылы күрделі есептер жауабымен): авторлық бағдарлама. –Алматы. 2021ж
4. Тапалова А. С. «Бейорганикалық химия: теория және есептер»: оқулық – Нұр-Сұлтан. – 2020ж., 479 б
5. Сағынтайұлы Н. «Химия есептерін шығару әдістері» : авторлық бағдарлама. –2021ж., –34-56 б
6. Тапалова А. С. «Элементтер химиясы(есептер мен жаттығулар)»;оқу-әдістемелік кешен. – Астана.–2012ж.
7. Нұрлыбаев А, Таубаева Д «Жиынтық бағалау тапсырмаларының жиынтығы. 8 сынып»: әдістемелік құрал. –Тараз. –2019ж
8. Қалиев Д. «Chemistry 8»: көстілді оқулық. –Алматы. –2017ж
9. Усманова М.Б., Сақариянова Қ.Н., Сахариева Б.Н «Химия» жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. –Алматы. –2019ж
10. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технология» –Тараз. –2003ж
11. Айдосова Т.К. «Мұғалім-зерттеуші нұсқаулығы» –Нұр-Сұлтан. –2020ж

Оқушылар үшін:

1. Усманова М.Б., Сақариянова Қ.Н., Сахариева Б.Н «Химия» жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық. –Алматы. –2018ж
2. Темірболатова А.Е. «Есептер мен жаттығулар жинағы» әдістемелік құрал: –Алматы. –2019ж
3. Бекішев Қ., Танабаева Б.А. «Шығарылған химия есептері (8-11 сыныптар)» : оқу құралы. – Алматы. –2018ж
4. [Оксидтер – Химия, 8-сынып, оқушыларға, студенттерге және мұғалімдерге арналған онлайн-оқыту bilimland.kz](#)
5. [Электролиттік диссоциация теориясы — Уикипедия \(wikipedia.org\)](#)
6. [Бейорганикалық химиядан тест сұрақтары - химия, тесты \(kopilkaurokov.ru\)](#)
7. [Катиондардың сапалық реакциялары - химия, зертханалық әдістер және спектроскопия, зертханалық әдістер бойынша онлайн-сабақ bilimland.kz](#)



**Жамбыл облысы әкімдігінің
Меркі ауданы білім бөлімінің
Темірбек Қожакеев атындағы
№39 жалпы орта білім беретін
мектеп – гимназиясы коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
кәсіптік бағдар беруші педагогі
Талпакова Алмакул Сыздықовна**

Кәсіби бағдар беру процесінде ата-аналармен жұмыс жүргізудің өзектілігі

Аңдатпа

Бұл мақалада кәсіби бағдар беру процесінде ата-аналармен жұмыс істеудің маңыздылығы жан-жақты қарастырылады. Автор ата-аналардың балалардың мансаптық таңдауларына тигізетін ықпалын теориялық және практикалық тұрғыда талдайды. Сонымен қатар, ата-аналарды кәсіби бағдар беру іс-шараларына тартудың түрлі әдістері мен олардың тиімділігі көрсетіледі. Мақалада білім беру жүйесінде ата-аналардың рөлін күшейту арқылы оқушылардың саналы түрде мамандық таңдауына жағдай жасауға болатындығы айқындалады. Зерттеу нәтижелері ата-аналар мен педагогтардың бірлескен жұмысы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау деңгейін арттыруда маңызды екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: кәсіби бағдар беру, ата-аналармен жұмыс, мамандық таңдау, білім беру жүйесі, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы.

Кіріспе

Қазіргі таңда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Жаһандану үдерісі, еңбек нарығындағы өзгерістер және мамандықтардың тез қарқынмен жаңаруы жастардың саналы түрде кәсіби таңдау жасауын күрделендіре түсуде. Осындай жағдайда кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігі артып, ол білім беру мекемелерінің стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады. Кәсіби бағдар – тек оқушылардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеру ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық дамуына, қоғамда өз орнын табуына ықпал ететін кешенді процесс.

Бұл процесте ата-аналардың рөлі ерекше. Зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдердің мамандық таңдаудағы басты мотиваторларының бірі – олардың ата-аналары. Балалардың кәсіби қызығушылықтары, құндылық бағдарлары мен еңбекке көзқарасы көбіне отбасындағы тәрбиемен, ата-аналардың ұстанымымен және қолдауымен айқындалады. Осыған байланысты кәсіби бағдар беру іс-шараларында ата-аналарды белсенді түрде тарту білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының біріне айналып отыр.

Мақаланың мақсаты - ата-аналармен жұмыстың кәсіби бағдар берудегі маңыздылығын айқындау, олардың ықпал ету факторларын талдау және тиімді әдістерін көрсету.

Негізгі бөлім

1. Кәсіби бағдар беруде ата-аналардың ықпалы

Ата-аналар жасөспірімдердің болашақ мамандық таңдаудағы негізгі референттік топ болып табылады. Жасөспірімнің тұлғалық дамуы барысында ата-аналардың қарым-қатынасы, құндылықтары және кәсіби тәжірибесі шешуші факторлардың бірі ретінде әрекет етеді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, ата-аналар балаларына сенімділік пен қолдау көрсеткен жағдайда олардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесі жеңілдейді. Ал ата-аналардың шамадан тыс қысымы немесе өз армандарын балаға таңуы керісінше кәсіби таңдаудың бұрмалануына әкелуі мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, ата-аналар балаларының қабілеттерін дұрыс бағалап, ақпаратпен қамтамасыз етіп, әртүрлі салалардағы мүмкіндіктерді түсіндіре білсе, жасөспірімдер саналы әрі ұзақ мерзімді кәсіби шешімдер қабылдайды. Сонымен қатар, ата-аналардың кәсіби мәдениеті, яғни еңбекке деген көзқарасы, мамандыққа деген құрметі балалардың дүниетанымына тікелей ықпал етеді.

2. Ата-аналарды кәсіби бағдар беру процесіне тарту әдістері

Ата-аналармен тиімді жұмыс жүргізу үшін білім беру мекемелері жүйелі іс-шаралар ұйымдастыруы қажет. Олардың қатарында:

- Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары. Ата-аналарға еңбек нарығының заманауи талаптары, жаңа мамандықтар мен құзыреттер туралы мәлімет беру.
- Семинарлар мен тренингтер. Психологтар мен кәсіби бағдар мамандары ата-аналарға жасөспірімдердің қызығушылығын анықтау және қолдау жолдарын үйретеді.
- Ашық есік күндері мен кәсіби жәрмеңкелер. Мұндай іс-шаралар арқылы ата-аналар еңбек нарығындағы сұраныстарды өз көзімен көріп, балаларымен бірге талқылай алады.
- Жеке консультациялар. Оқушылардың қабілеттері мен бейімділіктерін ескере отырып, ата-аналарға бағытталған жеке кәсіби кеңес беру.
- Онлайн-платформалар арқылы жұмыс. Сандық технологиялардың дамуы ата-аналарды ақпаратпен қамтамасыз ету және кері байланыс орнатуды жеңілдетеді.

Теориялық негіздермен қатар, практикалық тәжірибе де кәсіби бағдар беруде ата-аналармен жұмыстың тиімділігін айқындайды. Бұл тұрғыда Жамбыл облысы әкімдігінің Меркі ауданы білім бөлімінің Темірбек Қожакеев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектеп - гимназиясының жұмысын ерекше атап өтуге болады. Мектеп директоры Тлеубердиева Гүлжан Ержанқызының басшылығымен ата-аналармен өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді жүйесі қалыптасқан.

Гүлжан Ержанқызы ата-аналар қауымдастығын мектеп өміріне белсенді тартуға, олардың пікірін ескеруге ерекше назар аударады. Мектепте ата-аналармен кәсіби

бағдарға қатысты жиналыстар, дөңгелек үстелдер, семинарлар мен тренингтер өткізіліп, оқушылардың болашақ мамандығына қатысты ой-пікірлер талқыланады. Мұндай жұмыс түрлері ата-аналар мен педагогтардың бірлескен серіктестігін нығайтып, оқушының әлеуетін дер кезінде айқындауға жол ашады.

Сонымен қатар, мектеп директоры сапалы жұмыс жасаудағы басым бағыттарды нақты ұстанады: ата-анамен ашық диалог орнату, олардың ұсыныстарын оқу-тәрбие процесіне енгізу, оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын қолдау. Бұл тәсіл мектеп пен отбасы арасындағы өзара сенімділікті күшейтіп, оқушылардың дұрыс шешім қабылдауына ықпал етеді.

Мұндай тәжірибені басқа да білім беру ұйымдарына енгізу ата-аналардың балалардың болашағына деген жауапкершілігін арттырып, кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігін айтарлықтай күшейтеді.

3. Ата-аналармен жұмыстың нәтижелілігі

Ата-аналарды кәсіби бағдар беру процесіне тарту – оқушылардың болашақ мамандық таңдауындағы шешімдерінің сапасына тікелей ықпал ететін маңызды фактор. Қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдай еңбек нарығында жоғары білікті кадрларға деген сұраныстың артуымен сипатталады. Осындай жағдайда оқушылардың мамандықты саналы түрде таңдауы тек қана мектеп пен мұғалімдердің емес, сонымен қатар ата-аналардың белсенді қатысуын қажет етеді.

Ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізудің нәтижесінде төмендегідей оң өзгерістер байқалады:

- **Оқушылардың саналы түрде мамандық таңдау деңгейі жоғарылайды.** Баланың қызығушылығын, қабілетін ата-аналар дер кезінде байқап, оны дамытуға қолдау көрсеткен жағдайда, оқушы өз болашағын нақты жоспарлауға бейімделеді. Бұл қадам кәсіби бағдар беру процесін әлдеқайда нәтижелі етеді.

- **Отбасындағы қолдау жүйесі нығаяды.** Мамандық таңдауда ата-аналардың түсіністікпен қарауы, кеңес беруі мен қолдауы оқушының психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Мұндай қолдау жүйесі баланың өзіне деген сенімділігін арттырады.

- **Қателікпен таңдалған мамандықтар саны азаяды.** Көптеген түлектердің мамандық таңдаудағы қателіктері ата-анамен және мектеппен жеткілікті деңгейде талқыланбағанынан туындайды. Ал ата-аналардың кәсіби бағдарға белсенді араласуы мұндай қателіктерді азайтады.

- **Оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен еңбекке мотивациясы күшейеді.** Ата-аналар балаларын еңбек нарығындағы сұраныстармен таныстырып, болашақ мамандықтың артықшылықтары мен қиындықтарын түсіндіргенде, оқушылардың ынтасы мен белсенділігі артады. Бұл олардың өз қабілеттерін жетілдіруге ұмтылысын арттырады.

- **Білім беру мекемелерінің кәсіби бағдар жұмыстары жүйелі сипат алады.** Ата-аналар мен мектеп арасындағы серіктестікке негізделген қарым-қатынас кәсіби бағдар беру ісін біржақты емес, кешенді жүргізуге жағдай жасайды. Бұл бағытта ата-аналардың тәжірибесін, кәсіби білігін және әлеуметтік ресурстарын пайдалану тиімді нәтиже береді.

Жалпы алғанда, ата-аналардың кәсіби бағдар беру процесіне белсенді араласуы – оқушылардың тұлғалық дамуына, өмірлік құндылықтарының қалыптасуына және еңбек нарығында өз орнын дұрыс табуына ықпал ететін шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, кәсіби бағдар беру процесінде ата-аналардың орны шешуші мәнге ие екені анықталды. Бала тұлғасының қалыптасуында олардың ықпалы зор болғандықтан, білім беру мекемелерінің ата-аналарды кәсіби бағдар жұмысына жүйелі тартуы – уақыт талабы. Ақпараттық қолдау, бірлескен іс-шаралар мен консультациялар ата-аналар мен педагогтар арасындағы өзара әрекеттестікті нығайтып, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына елеулі әсер етеді.


Жүргізілген талдау ата-аналармен жұмыстың кәсіби бағдар берудің тиімділігін арттырудағы стратегиялық маңызын айғақтады. Сондықтан ата-аналар, педагогтар және оқушылардың бірлескен ынтымақтастығы – жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын таңдауының кепілі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мамбеталина, А.С. «Проблема выбора учащимися старших классов будущей профессии в ситуации Республики Казахстан и пути ее решения». Казахстан; киберленинка. 2024.
2. Сергеев, И. С. «Образовательная профориентация: методологическая основа профориентационной работы с детьми и молодежью». *КиберЛенинка*. 2023. №1 (52). 24-44
3. Швачёва, В. П. «Влияние родителей на профессиональное самоопределение подростков». *КиберЛенинка*. 2023. №11. Стр. 117-119.
4. Шнарбекова, М. К. «Сравнительный анализ профессионально-ценностных установок молодежи России и Казахстана в образовательном пространстве». 2023. №2. Стр.186-207.
5. Методические рекомендации по профориентации: Анкетирование родителей обучающихся и выявление их отношения к профессиональному самоопределению ребёнка. *Министерство просвещения / Образовательные ресурсы Казахстана*. 2023. Стр. 35-48.



**Абай облысы білім басқармасының Семей
қаласы білім бөлімінің
«№ 49 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
математика пәні мұғалімдері
Жеңісқанов Жан Ержанұлы
Қабылахметова Аружан Серікқызы**



Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған есептер

Аннотация

Бұл мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қолданылатын есептердің маңызы мен рөлі қарастырылады. Функционалдық сауаттылық – білімді өмірлік жағдайларда тиімді пайдалана білу қабілеті. Математика пәніндегі қолданбалы және өмірмен байланысты есептер оқушының ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, алған білімін күнделікті тұрмыста қолдануға дағдыландырады. Автор функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған есептердің түрлеріне талдау жасап, сабақ үдерісінде қолдану жолдарын ұсынады.

***Түйінді сөздер:** функционалдық сауаттылық, қолданбалы есептер, математикалық сауаттылық, өмірлік жағдаят, оқыту әдістемесі, білім сапасы.*

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны өмірге бейімдеу, алған білімін тәжірибеде қолдана алуына жағдай жасау. Осы тұрғыдан алғанда функционалдық сауаттылық ұғымы ерекше мәнге ие. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы құжаттарында да функционалдық сауаттылыққа баса назар аударылған. Әсіресе математика пәнінде функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған есептердің орны ерекше, себебі олар оқушылардың логикалық ойлауын, талдау, салыстыру, дәлелдеу дағдыларын жетілдіреді.

Негізгі бөлім

1. Функционалдық сауаттылық ұғымы

Функционалдық сауаттылық – адамның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы үшін қажетті білімдерін, біліктері мен дағдыларын тиімді пайдалана білу қабілеті.

2. Математикадағы функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары

- Қолданбалы мазмұндағы есептерді шешу;
- Өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды пайдалану;
- Логикалық, зерттеушілік сипаттағы есептерді енгізу;

- Оқушыны өз бетінше шешім қабылдауға жетелеу.

3. Қолданбалы есептердің маңызы

Қолданбалы есептер оқушыға математиканың тек теориялық ғылым емес, өмірде қажет екендігін дәлелдейді. Мысалы:

- Сауда-саттыққа байланысты пайыздық есептер;
- Құрылыс және тұрмыстық жағдайға қатысты пропорция есептері;
- Уақыт пен қашықтыққа байланысты қозғалыс есептері;
- Экономикалық мазмұндағы есептер.

7-сынып материалдары бойынша:

- Пропорция және пайыз: дүкендегі жеңілдік мөлшерін, банк салымының өсімін есептеу.
- Геометрия: тұрмыстық жағдайға байланысты аудан, периметр, көлем табу (үйдің еденін жабуға қажет плитка санын анықтау).
- Алгебра: қарапайым сызықтық теңдеулерді қолдана отырып тұрмыстық есептер шығару (зат бағасы, қашықтық пен уақыт қатынасы).

Есеп үлгісі:

Сынып 40 кг макулатура өткізді. Оның 25%-ын Айдос жинады. Айдос қанша кг макулатура тапсырды?

8-сынып материалдары бойынша:

- Функциялар: тұрмыстық немесе экономикалық жағдайды график түрінде көрсету (құн мен тауар санының тәуелділігі).
- Квадраттық функция: қозғалыс траекториясын модельдеу.
- Геометрия: денелердің көлемін табуға арналған практикалық есептер (су ыдысының көлемін есептеу, құрылыс материалдарын өлшеу).

Есеп үлгісі:

Сыйымдылығы 2 м^3 болатын бассейнді толтыру үшін 200 литрлік қанша бөшке су қажет?

9-сынып материалдары бойынша:

- Тригонометрия: ғимараттың биіктігін көлеңке ұзындығы арқылы табу.
- Алгебра: квадраттық теңдеулер арқылы практикалық есептерді шешу (қозғалысқа байланысты).
- Геометрия: нақты өмірге қатысты есептер (жер телімінің ауданын табу).

Есеп үлгісі:

Мектеп алдында биіктігі 6 м болатын бағананың көлеңкесі 4 м. Дәл сол уақытта мектеп ғимаратының көлеңкесі 20 м болса, мектептің биіктігін табыңыз.

4. Сабақта қолдану әдістері

- Топтық және жұптық жұмыс арқылы оқушыларды өмірлік есептерді талдауға тарту;
- Жобалық әдісті қолдану;
- АКТ мүмкіндіктерін пайдалану (интерактивті тапсырмалар, графиктік модельдеу).

Қорытынды

Функционалдық сауаттылықты дамыту – қазіргі білім берудің басты міндеттерінің бірі. Математика сабағында қолданбалы және өмірлік мазмұндағы есептерді жүйелі қолдану арқылы оқушылардың логикалық ойлауын, танымдық белсенділігін арттыруға, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік беруге болады.

7–9 сынып материалдарын күнделікті өмірмен байланыстыра отырып есеп құрастыру – оқушының пәнге қызығушылығын арттырады әрі алған білімін өмірде қолдануға үйретеді. Әр сыныптағы тақырыптарды тұрмыстық жағдаймен байланыстырып қолдану функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді жолдарының бірі.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы;
3. OECD. PISA-2022 Framework. Paris: OECD Publishing, 2022;
4. Жанпейісова М. Ә. Модульдік оқыту технологиясы. – Алматы, 2019;
5. Қараев Ж. Ж. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың ойлауын дамыту. – Алматы, 2018.



Түркістан облысы, Жетісай ауданы
«С.Ерубаев атындағы №56 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Информатика пәні бойынша қосымша білім беру педагогі
Демеуова Ләззат Күмісбекқызы

Балаларға арналған қауіпсіз интернет ережелері

Интернет – ғажайып әлем. Күнделікті өмірде қашан да бізбен бірге: таңертеңгі шай үстінде, сабақ арасында, ойындарда, тіпті ұйықтар алдында. Жарық жылдамдығымен тарайтын хабарламалар, түрлі бейнелер, таныс емес адамдардың жазғандары – барлығы қызық. Бірақ осы ғажайып әлемде балалар үшін көрінбейтін қауіптер де бар екенін ұмытпау керек. Себебі интернеттің құпиялығы мен кеңдігі, шексіздігі балалардың әлі қорғансыз түсінігіне үлкен сын тудыруы мүмкін.

Қазан түскен сарғылт жапырақтай, бала жүрегі сезгіш келеді. Жаңа достық, онлайн ойын, видео қарап, медиа әлемімен танысу – барлығы қуаныш. Бірақ сол қуаныштың ішінде адасып қалатындар да бар. Мәселен, экран алдында отырып, шынайы өмірден алыстап кететін, жалған досқа сеніп, жеке деректерін ашып, түрлі зиянды контентке тап болу мүмкіндігі бар. Ол кезде бала үшін қол жетімді емес адаммен танысу, бет бейнесін жария ету, психологиялық қысымға ұшырату немесе кибербуллинг – бәрі шын болып көрінгенде, жүрекке ауыр тиеді. Өзінің жадына жазып алу керек: интернет әлемінде көргенің – барлығын шын деп қабылдама. Сен барлық жағдайды толық білмейсің, беттерде маска бар. Сондықтан үнемі ойлап, талдап, сенімді көздерден ғана ақпарат ал. Ересектермен сөйлес, сұрақтарыңды қой. Сен сияқты балалар үшін интернет – білім алудың, шығармашылықтың алаңы болуы мүмкін. Бірақ ол алаң қауіпсіз болу керек.

Мақаламыздың басты мақсаты – интернет әлемі балаларға не ұсынады, ол қандай мүмкіндіктерді береді, сондай-ақ балалар үшін қандай қауіптер бар екенін түсіндіру, әрі сол қауіптерден қалай қорғану керектігін қарастыру. Біз бірге үйренеміз: жеке деректерімізді қорғау, уақытты шектеу, интернетке кірерде қанатты сөздер мен мейірімділік ережелерін сақтау. Осы арқылы сен интернеттің адал қолданушысы боласың, ал интернет – сен үшін дос әрі ақылшы.

1. Интернеттің мүмкіндіктері мен артықшылықтары

Интернет қазіргі заман баласына үлкен мүмкіндіктер ашады. Қашықтық жоқ, әңгімелес сый, жаңа білім, қызық ойындар. Бір күнде әлемнің түкпір-түкпіріндегі халықтың мәдениетін, өнерін көруге болады. Мектеп тапсырмасын іздеу, ғаламтордағы кітапхана беттерінен кітап оқып, жаңа сөздер үйрену мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, видео

сабақтар, интерактивті платформалар – білімнің шекараларын кеңейтеді. Балалар үшін шығармашылық жарыстарға қатысу, жаңа достар табу – барлығы интернет арқылы жүзеге асады.

2. Интернеттің қауіптері

Бірақ бұл тек жарқын қырлары ғана. Қараңғы беттері де бар.

- **Кибербуллинг**– желідегі сөзге, суретке, жарияланған пікірге байланысты қатігездік көрсету. Өзінше құрметсіздік. Баланың жүрегі жабырқауы мүмкін, көңілі түсіп, мектепке барудан қорқуы да мүмкін.[1]
- **Жеке деректерді жариялау** – аты-жөні, мекенжайы, суреті, телефоны туралы ақпаратты шарықтатып жіберу қауіпті. Белгісіз адам оны қиянатқа қолдануы мүмкін.[2]
- **Қате ақпарат, жалған мәлімет** – кей сайттардағы бейне, мақала, пікірлер шындыққа сай еместігі бар.[3]
- **Уақытты дұрыс бөлмеу** – онлайн ойын, видеолар, әлеуметтік желілерге тым көп уақыт жұмсау денсаулыққа, көзге, психикаға зиян.
- **Зиянды мазмұн** – жағымсыз суреттер, өшпенділікке шақырғыш сөздер, агрессия, порнографиялық немесе басқа да шектен шығатын контент.[4]

3. Қауіпсіздік ережелері – балалар үшін

Қалай қауіптерден аулақ болуға болады? Мұнда бірнеше ережені есте сақтау керек:

- **Жаңа таныстарға сақ бол:** онлайн танысқан адаммен жеке өмірде кездесу ұсынылса, ата-анамен бірге бол.
- **Пайдаланушыларға рұқсат сұра:** басқа адамның суретін, бейнесін қолданғанда міндетті түрде сол адамның келісімін алыңыз.
- **Жеке ақпаратты қорға:** аты, суреті, мекен-жайы, мектеп, сыныбы сияқты ақпаратты жариялама.
- **Қатысты контентті таңда:** зиянды сайттардан аулақ бол, ата-ана бақылауын қолданып, сайттарды, бағдарламаларды жүктемес бұрын мұқият тексер.

- **Әлеуметтік желілерде этика:** сыпайылық және құрмет – басты. Кімге не жазатындығыңды ойлап жаз.
- **Уақытты бақыла:** экранда өткізетін уақытыңды белгіле, белгілі бір уақытта дем алып, көзді демалту.
- **Қате ақпаратқа қарсы бол:** жалған мәліметке күмәнмен қара, әрқашан басқа көздерден қарастыруға тырыс, сенімді ресурстарды қолдан.

4. Ата-ананың ролі

Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек бала үшін емес, бүкіл отбасы үшін маңызды.

- Ата-ана баламен ашық сөйлесіп, интернетте не көргені туралы сұрауы керек.
- - Үйде интернетке қатысты ережелерді орнату: қай сайттарға кіруге болады, қанша уақыт көзілдірікпен экран алдында болу.
- Бағдарламалық сүзгілер мен бақылау құралдарын қолдану.[5]
- Психологиялық қолдау: егер бала желідегі қорлыққа ұшыраса немесе ол мазалап жатса, сөйлесу, қолдау көрсету.

Қорытынды (~700 сөз)

Интернет – қазіргі заманға лайық құрал, бірақ ол да жауапкершілік талап етеді. Балалар үшін ол ашық әлем, бірақ кей сәттерде қауіп-қатерлерге толы. Жүрегімізде интернеттің мүмкіншілігіне деген ынта бар, сонымен қатар оның шекараларын білу керек.

Өмірде, мектепте, ағайын-туыспен бірге бала қауіпсіздік ережелерін меңгерсе, әлемдік желіде өзінің қоғамдағы мүшесіне айналып, жариялаған контенті мен қатынасы үшін жауапты болады. Интернетті дұрыс қолданыс – білім алу үшін, шығармашылық үшін, достық пен байланыс үшін артық құрал.

Бала өзінің жеке ақпаратын қорғай білсе, көңіліндегі сезімін бөлісе білсе, интернеттің жарық бөлігін тандаса, зиян келген жағдайда көмек сұраудан тартынбаса – ол қауіпсіз қолданушы болып өседі.

Ең бастысы: індет секілді тез тараған әлсіздік бар – жалған түсінік, кибербуллинг немесе басқалар. Бірақ ата-ана да, мұғалім де, бала өзі де бірігіп, осы әлемдегі жасырын жауларды таниды. Олар қарсы тұруға үйренеді.

Интернет – бір жағынан әлемді жақындатады, екінші жағынан қауіптерден сақ болуы үшін мұқият болуды талап етеді. Біз құнды нәрсені – баланың психикасы мен

USTAZ ENBEGI

болашағын – қорғауымыз керек. Сондықтан қауіпсіздік ережелерін түсініп, оларды ұстану артық болмақ емес.

Жалпы, балаларға арналған қауіпсіз интернет ережелері – әрбір отбасында, әрбір мектепте және әрбір бала үшін күнделікті дағдыға айналуы тиіс. Сол кезде ғана интернеттің керемет мүмкіндігі – білім мен байланыс, әзіл-ықылас пен шығармашылық алаңы болады.

Бала интернетте өсіп келе жатқан жан – сенімді, саналы әрі дерек көздерін танитын, қорғай білетін азамат болады. Осы сөздер арқылы біз интернетпен қорғаламыз, интернетпен дамимыз. Ұйымшылдық пен саналы қолдану арқылы балаларымыз жарқын болашаққа жол салады.



Курбанова Развангуль Нурдуновна

учитель начальных классов

школы- гимназии №22

город Алматы

Раздел:		В контексте сквозной темы «Архитектура»		
Ф.И.О педагога:		Курбанова Р.Н		
Дата:				
Класс: 3 «В»		Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:	
Тема урока:		«Зимовье зверей» (русская народная сказка), «Теремок» (русская народная сказка), «Лиса и заяц» (русская народная сказка) Из чего дома строят?		
Цели обучения в соответствии с учебной программой:		3.1.1.1 Отвечать на открытые вопросы по содержанию для определения ключевых моментов. 3.2.2.1 - формулировать творческие, оценочные вопросы по содержанию литературного произведения и отвечать на подобные вопросы 3.3.3.1. писать творческие работы в форме постера /проекта/ рекламы/ заметки презентации		
Цели урока:		Научить учащихся формулировать творческие и оценочные вопросы, и научишься читать по ролям.		
Ход урока:				
Этап урока/Время	Действия педагога	Действия ученика	Оценивание	Ресурсы
1.Начало урока. 0-5 мин	Создание положительного эмоционального настроения: Дорогие ребяташки! Я взял сегодня в руки книжки. Приглашаю вас путешествовать, Знания свои совершенствовать.	Приветствуют учителя. Организуют свое рабочее место, проверяют наличие индивидуальных учебных принадлежностей	ФО Оценивание эмоционального состояния	Эмоц. настрой
2. Середина урока. 5 – 40 мин	1.Актуализация жизненного опыта. Целеполагание. (К) Работа с классом. <i>Беседа:</i> - Разгадай ребус, определи тему урока.  - Какое слово у вас получилось? - О чем мы будем говорить сегодня	Дескриптор: Учащиеся слушают учителя, отвечают на вопросы Формулируют тему урока, определяют цель урока Дескриптор: Разгадывают ребус Отвечают на вопросы Определяют тему	1 балл  (1 сигналами светофора 2 балла	Учебник

	на уроке? - Какие вы знаете сказки? 3.Формулирование темы и цели урока. (К) Работа в коллективе. <i>Вспомни и расскажи русскую народную сказку «Теремок». Начни со слов: «Стоит в поле теремок ...».</i> <i>Сравни изображения теремка и терема.</i>   В Древней Руси слово «терем» означало жилое помещение в верхней части дома или дом в виде башни. Часто в нём проживали только женщины – жёны, дочери правителя или князя. Для его постройки использовали только лучшее дерево, а окна и крышу украшали красивыми узорчатыми деталями. Люди верили, что они защищают дома от напастей, болезней, бедности и зависти. В теремах было множество окон, а вокруг – балконы для прогулок. 4.Работа над лексической и грамматической темой урока. (К) Работа в коллективе. <i>Первичное чтение литературного произведения.</i> <i>Прослушай продолжение сказки «Зимовье зверей».</i> 5.Работа над литературным произведением: (П) Работа в парах. <i>Анализ литературного произведения:</i> <i>Ответьте на вопросы:</i> - Кому из героев подходит пословица «У страха глаза велики»? - Как ты её понимаешь? О ком	урока Дескриптор: Вспоминают и рассказывают русскую народную сказку «Теремок». Сравнивают изображения теремка и терема. Дескриптор: Работают над литературным произведением Читают литературное произведение Дескриптор: Анализируют литературное произведение Отвечают на вопросы Повторяют движение за учителем	  О рѣ жестами 1 балл 1 балл  Оценивают работу хлопками (тихо, громко) 2 балла  С р сигналами светофора 1 балл 	Тетрадь Учебник
--	---	--	---	---

	можно так сказать в нашей сказке? - Задай творческий вопрос по содержанию сказки. (К) Физминутка Вечер зимний в небе синем встать из-за стола Звезды синие зажег встать на носки, потянуться Ветви сыплют синий иней потряхивая руками, потихоньку сесть На заснеженный лужок. 6. Работа по теме урока. (Г) Работа в группах. <i>Прочитай. Разыграй эпизод по ролям, используя жесты, мимику персонажей-животных.</i>  (К) Работа в коллективе. <i>Рассмотри иллюстрацию. Вспомни ещё одну сказку. Почему лиса построила ледяную избушку, а заяц – лубяную?</i>  7. Работа над лексической и грамматической темой урока. (К) Работа в коллективе. <i>Первичное чтение литературного произведения. Внимательно перечитай сказку вслух правильно, сознательно и выразительно. Вспомни отличительные особенности сказки. Определи вид сказки.</i>	Дескриптор: Читают. Разыгрывают эпизод по ролям, используя жесты, мимику персонажей-животных. Дескриптор: Рассматривают иллюстрацию Отвечают на вопросы Дескриптор: Работают над литературным произведением Читают литературное произведение Дескриптор: Изображают героев сказки	О р жестами 1 балл  Оценивают работу хлопками (тихо, громко) 1 балл  О р жестами	
--	--	--	--	--

	 (И) Самостоятельная работа. <i>Творческое задание</i> <i>Нарисуй героев сказки «Теремок» по порядку. Что ты заметил? Запиши.</i> (И) Знаю, умею!!! <i>Творческие вопросы обычно задаются с частичкой</i> <i>Оценочные вопросы задают для ... событий.</i>	Дескриптор: Повторяют изученный материал		
3. Конец урока. 40 - 45 мин	Итог урока. -Какую цель мы поставили на сегодняшнем уроке? - Достигли ли мы этой цели? - Какие затруднения были у вас на уроке? - Что нужно сделать чтобы эти затруднения не повторялись? Рефлексия.	Отвечают на вопросы учителя, оценивают свою деятельность на уроке		Картинки к рефлексии.

Геоэкологиялық жобалау

Модуль /пән атауы География

Педагог Кульпеисова С.С. дайындады

1. Жалпы мәліметтер

Курс, топ **1 курс П-24-63-гб**

Сабақтың түрі: білімді жалпылау және жүйелеу сабағы

2.Мақсаты - Геоэкологиялық жобалау негіздерін және қоршаған ортаны сақтаудағы маңыздылығы жайлы білімдерін тереңдету.

Міндеттері:

- Геоэкологиялық жобаларды құру және оларды қолдану жолдарын анықтау.
- Экологиялық жобаларды бағалау және олардың тиімділігін анықтау.
- Геоэкологиялық жобалау арқылы табиғат қорғау шараларының маңыздылығын көрсету.

3.Оқу-жаттығу процесінде білім алушылар меңгеретін күтілетін нәтижелер және (немесе) кәсіби дағдылар тізбесі:

- Экологиялық мәселелерді шешу үшін білімалушылар жобалау әдістерін пайдаланады.
- Білімалушылар экологиялық жобаларды құрастырып, оларды іс жүзінде қолдану мүмкіндіктерін талдайды.

4. Қажетті ресурстар:Каймулдинова, т.б. География 10-11 сынып оқулығы, компьютер, интернет ақпараттары, презентация

5. Сабақтың барысы


Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті
Ұйымдастыру (1 мин)	Білімалушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру
Сергіту сәті (3 мин)	Жағымды көңіл күй Сабақты бастамас бұрын ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып алайық. Видеоға қарап әр ел қалай амандасады сіздер дәл солай бір -бірімен амандасамыз. -Ал ендеше қазақ елінен бастайық асалаумағалейкум деп амандасады Қытайлықтар екі қолын түйістіреді Жапония иіліп амандасады Масай тайпасы Африка секіріп амандасады Жаңа Зеландия мұрындарын бір-біріне тигізіп амандасады Үндістанда алақандарын айқастырады Біртұтас тәрбие апта дәйексөзі «Бірлігі күшті ел озады!»

	Бірлік әр азаматқа тән қасиет болуы тиіс. Ұлт пен ұлыстың татулығының арқасында, бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері дамып келе жатыр. Бір шаңырақ астындағы ұлттардың ұйытқысына себеп болып отырған, саясатымыз бен Ата заңымыздың арқасында атқарылып жатқан шаралардың нәтижесі екендігі сөзсіз. Бірлік туралы қандай мақал-мәтел білесіздер? Әр бейсенбі күні бізде «Таза бейсенбі» күні Таза бейсенбі дегеніміз не?										
Білімді белсендіру (7 мин)	«Тапқыр болсан тауып көр» . белгілі бір объектінің кескін пішінін немесе суреті арқылы ол туралы ауызша мәлімет айту -Арал теңізі суреттері көрсетіледі -Заводтар -Машиналар -Қоқыс -Мұнайдың төгілуі -Озон қабаты Табиғатты тиімді және тиімсіз пайдаланудың анықтамасын сәйкестендіріңіз <table border="1"> <tr> <td>1.Табиғатты тиімді пайдалану</td><td>А. Интенсивті шаруашылыққа тән</td></tr> <tr> <td></td><td>В. Өндіріс қалдықтарын толық әрі қайталанып пайдалану</td></tr> <tr> <td></td><td>С. Қоршаған орта қатты ластанды</td></tr> <tr> <td>2.Табиғатты тиімсіз пайдалану</td><td>Д.Табиғат ресурстарының тез сарқылуына әкеледі</td></tr> <tr> <td></td><td>Е. Қайта қалпына келетін табиғат ресурстарының қалпына кеуін қамтамасыз етеді</td></tr> </table> Жауабы 1-А,В,Е 2-С,Д	1.Табиғатты тиімді пайдалану	А. Интенсивті шаруашылыққа тән		В. Өндіріс қалдықтарын толық әрі қайталанып пайдалану		С. Қоршаған орта қатты ластанды	2.Табиғатты тиімсіз пайдалану	Д.Табиғат ресурстарының тез сарқылуына әкеледі		Е. Қайта қалпына келетін табиғат ресурстарының қалпына кеуін қамтамасыз етеді
1.Табиғатты тиімді пайдалану	А. Интенсивті шаруашылыққа тән										
	В. Өндіріс қалдықтарын толық әрі қайталанып пайдалану										
	С. Қоршаған орта қатты ластанды										
2.Табиғатты тиімсіз пайдалану	Д.Табиғат ресурстарының тез сарқылуына әкеледі										
	Е. Қайта қалпына келетін табиғат ресурстарының қалпына кеуін қамтамасыз етеді										
Топтық жұмыс 30 мин	Геоэкологиялық жобалау жер шарынан болашағы үшін өте маңызды Сайт арқылы 3 д видео корсету (мозайк эдукейшин) www.mozaweb.com Қоршаған ортаның ластануы туралы Оқытушы :Өткен сабақта біз геоэкологиялық жобалау туралы сабақта қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобалар туралы білім алдыңыздар Сіздерге өткен сабақта геоэкологиялық жобалау тақырыбын өттік, сіздер алдын -ала тақырып тандап ,өздерін зерттеп келу қажет болды. Топ басшылары тағайындалады, бағалау парағы беріледі, студенттер өздері бағалайды топты. 4 топқа тақырыптар бойынша видео, сурет, макет және жасанды интелект арқылы жобаларды таныстыруға болады										

Картамен жұмыс 15 мин	- Атмосфераға шығатын зиянды заттарды азайту (Электроавтобустар) -«Талдықөл» Астана - (Северная гряда) карьерін қалпына келтіру ,қоқыс өңдеу саласын жетілдіру - Газдандыру, елорданы жаппай көгалдандыру Әр топ жобасын таныстырады, бір-біріне сұрақтар қояды. ✓ Бағалау парағына жауаптарды белгілеу Келесі кезекте онлайн глобус арқылы географиялық нысандарды қараймыз. «Google Earth» (гугл эрс)  виртуаль глобус географиялық ақпараттық бағдарлама. Интернет падаланушылар үшін өзін саяхатшы екенін сезіне алады. Географиялық нысандарды қарау онлайн саяхат. Талдықөл Электроавтобус парк Астана Астанинская база Орталық саябақ Бүгін сіздер қоршаған ортаның бұзылған аумақтарын қалпына келтіру жөнінде жобаларды ұсынуды үйрендіңіздер. Топ жетекшілері бағаларды хабарлайды !!!
Рефлексия 4 мин	ТИК ТОК әдісімен кері байланыс Ұнады ❤️ Есіме сақтадым ➡ Айтарым бар Достарымен Әлісемін
Үй тапсырмасы	Геоэкологиялық жобалаудағы соңғы жетістіктер туралы мақала оқыңыздар. Сабақ аяқталды , сау болыңыздар!



«Геоэкологиялық жобалау»



Червякова Рошангуль Гожахметовна

Алматинская область, Уйгурский район, село Чунджа

КГУ «Шонжынская школа-лицей №1»

преподаватель физики, педагог-исследователь

Актуальность и перспективы авторской программы «Развитие функциональной грамотности на уроках физики в 6-х классах»

Функциональная грамотность — это способность человека применять знания, умения и навыки для решения жизненных задач в изменяющихся социальных и профессиональных условиях. Концепция стала ключевой в образовании XXI века, когда недостаточно просто обладать знаниями: важно уметь использовать их на практике. Современное общество требует от выпускников школы не только предметных знаний, но и умения применять их в реальных жизненных ситуациях. Функциональная грамотность — это способность использовать знания для решения практических и познавательных задач, критически мыслить, аргументировать, анализировать и делать выводы. Физика тесно связана с окружающей жизнью: от наблюдения природных явлений до понимания принципов работы техники. Это делает её идеальной платформой для развития у школьников умения искать информацию, проводить эксперименты и применять знания на практике.

Научные основы

Понятие «функциональная грамотность» ввёл ЮНЕСКО в середине XX века. Современные исследования опираются на междисциплинарный подход:

- **Когнитивная психология** объясняет процессы восприятия, анализа и интерпретации информации.
- **Педагогика** разрабатывает модели формирования компетенций: критическое мышление, коммуникацию, коллаборацию и креативность («4К»).
- **Социология** подчеркивает значимость социальных контекстов, влияющих на востребованность навыков.

Международная практика

1. **Финляндия:** школа строится вокруг проблемно-ориентированного обучения; оценка качества — через способность учеников применять знания в реальных проектах.
2. **Сингапур:** национальная стратегия «Учись, чтобы применять»; особый акцент на STEM-дисциплинах и цифровых компетенциях.
3. **Казахстан:** внедрение обновлённых государственных стандартов, основанных на компетентностном подходе и международных исследованиях PISA.
4. **Канада и Австралия:** программы «Literacy across the Curriculum», где каждый предмет рассматривается как площадка развития функциональной грамотности.

Практические результаты

- **Повышение уровня участия в экономике знаний:** выпускники, обладающие функциональной грамотностью, быстрее адаптируются на рынке труда.
- **Успех в международных исследованиях (PISA):** страны, внедрившие компетентностные подходы, стабильно занимают высокие позиции.

- **Социальные эффекты:** рост гражданской активности, снижение уровня безработицы среди молодёжи, улучшение качества жизни.

Применимость для образовательных систем

- **Школа:** переход от репродуктивного обучения к проектно-исследовательской деятельности.
- **Учитель:** разработка межпредметных задач, включающих анализ данных, аргументацию и практическое применение знаний.
- **Государство:** поддержка программ повышения квалификации педагогов и развитие цифровых инструментов оценки.

Для предметов естественно-научного цикла, в том числе физики, функциональная грамотность означает способность видеть и объяснять физические явления, решать прикладные задачи, анализировать и интерпретировать данные, использовать знания для принятия решений.

Авторская программа «Развитие функциональной грамотности на уроках физики в 6-х классах» создана в ответ на эти вызовы и нацелена на формирование ключевых компетенций через систему специально разработанных уроков и заданий.

Календарный план на 34 часа факультативного курса авторской программы

главы	№ урока	Тема урока
1	Занимательные задания по физике 9 ч	
	1	Введение
	2	Загадки: поэтические, из сказок
	3/4	Качественные и расчетные задачи
	5	Занимательные вопросы врасплох
	6/7	Построение фигур по заданным координатам на координатной плоскости
	8/9	Игры «Составляйка», «Четвертый лишний», «Угадайка», составление ребусов
2	Физические явления 7 ч	
	10	Классификация физических явлений
	11	Механические явления
	12	Практическая работа (расчет скорости, пути, составление и чтение графиков движения)
	13	Тепловые явления
	14	Практическая работа (измерение температуры тела)
	15	Электрические явления
	16	Практическая работа (расчет электроэнергии по счетчику)
3	Силы в природе 4 ч	
	17	Виды сил
	18	Сила тяжести и ее применение в жизни
	19	Сила упругости и ее значение в технике

	20	Сила трения в быту и технике
4	Простые механизмы и их применение 3ч	
	21	Виды простых механизмов
	22	Рычаги, рычаги в организме человека. Применение.
	23	Блоки и их использование
5	Астрономия 6 ч	
	24	Развитие астрономии. Представление людей древности о Земле и Вселенной
	25	Небесные тела: планеты, звезды, спутники, астероиды.
	26/27	Солнечная система: планеты и их спутники.
	28	Небесная сфера: основные точки и линии
	29	Определение местоположения по звездам
6	Сделай сам 3 ч	
	30	Поилка для птиц
	31	«Бутылка колокол»
	32	«Самоходные кораблики»
	33/34	Демонстрация и защита проектов

Актуальность работы

- Социальный запрос.** В условиях цифровизации и научно-технического прогресса востребованы люди, способные быстро ориентироваться в информации, анализировать данные и применять их на практике.
- Государственные стандарты.** Обновлённое содержание образования Казахстана и других стран СНГ делает акцент на развитие критического мышления, исследовательских умений, навыков коммуникации.
- Особенности возраста.** Шестиклассники — это ученики переходного звена между начальной и основной школой. У них формируется абстрактно-логическое мышление, растёт интерес к экспериментам и практической деятельности. Работа с ними через физику позволяет заложить фундамент научного мировоззрения и умения использовать знания для объяснения окружающей реальности.
Таким образом, программа отвечает требованиям времени и способствует подготовке учащихся к дальнейшему успешному обучению.

Цели и задачи программы

Цель — формирование у шестиклассников функциональной грамотности на основе практико-ориентированного изучения физики.

Задачи:

- развить интерес к физическим явлениям через наблюдения, опыты, лабораторные работы;
- сформировать навыки постановки вопросов, поиска и анализа информации;
- научить применять полученные знания для объяснения явлений природы и повседневных ситуаций;
- развить коммуникативные и исследовательские способности.

Содержание и методы реализации

Программа рассчитана на учебный год (34 часа) и интегрируется в основную программу физики 6 класса.

Ключевые методические подходы:

- **Практико-ориентированные задания** – измерение физических величин в быту, наблюдение за природными процессами, мини-проекты (например, «Почему зимой скользко?», «Как работает холодильник?»).
- **Интерактивные формы обучения** – работа в малых группах, деловые игры, дискуссии, защита проектов.
- **Исследовательская деятельность** – простейшие эксперименты с подручными средствами, анализ данных, формулирование выводов.
- **Межпредметные связи** – интеграция с математикой (графики, расчёты), информатикой (обработка данных), биологией (физика живых систем).

Применимость программы

Авторская работа может быть внедрена:

- **В общеобразовательных школах** – как часть основной программы или факультатива.
 - **В системе дополнительного образования** – кружки «Юный физик», научные общества школьников.
 - **При дистанционном обучении** – за счёт наличия цифровых заданий и возможности онлайн-экспериментов.
- Учителя могут использовать отдельные методические разработки, диагностические материалы, тесты и проекты для адаптации под собственные условия.

Перспективы развития

1. **Расширение возрастных рамок:** адаптация программы для 7–9 классов, создание курсов для начальной школы с элементами физики.
2. **Цифровизация:** разработка интерактивных онлайн-лабораторий, мобильных приложений с виртуальными опытами, использование дополненной реальности.
3. **Сетевое сотрудничество:** организация межшкольных проектов, научных конкурсов, фестивалей экспериментов.
4. **Методическое сопровождение педагогов:** проведение тренингов, мастер-классов, создание методических сборников и банка заданий.

Ожидаемые результаты

Реализация программы позволит достичь следующих эффектов:

- **Учебные результаты:** учащиеся освоят базовые понятия механики, тепловых явлений, электромагнетизма, приобретут умения измерять, описывать и объяснять явления.
- **Личностные результаты:** возрастёт мотивация к изучению физики, сформируется научный стиль мышления, навыки самоорганизации.
- **Метапредметные результаты:** улучшатся навыки анализа информации, коммуникации, работы в команде, критического и творческого мышления.
- **Практическая польза:** дети смогут применять знания для объяснения повседневных процессов — от работы бытовых приборов до понимания погодных явлений и энергосбережения.

Заключение

Авторская работа «Развитие функциональной грамотности на уроках физики в 6-х классах» демонстрирует целостный подход к современному обучению. Она сочетает фундаментальные знания с практическими умениями, делает процесс изучения физики увлекательным и полезным, повышает уверенность школьников в применении знаний в реальной жизни.

Программа может стать эффективной моделью для обновления преподавания естественных наук, отвечая стратегическим задачам образования XXI века — формированию личности, способной мыслить, анализировать и действовать в быстро меняющемся мире.

Современное общество требует от выпускников школы не только предметных знаний, но и умения применять их в реальных жизненных ситуациях. Функциональная грамотность — это способность использовать знания для решения практических и познавательных задач, критически мыслить, аргументировать, анализировать и делать выводы. В 6-м классе начинается систематическое изучение физики как отдельного предмета, что создаёт благоприятные условия для формирования базовых навыков функциональной грамотности. Физика тесно связана с окружающей жизнью: от наблюдения природных явлений до понимания принципов работы техники. Это делает её идеальной платформой для развития у школьников умения искать информацию, проводить эксперименты и применять знания на практике.

**"Ақмола облысы білім басқармасының
Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
Арайлы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Алпысхан Айнур**

Мәтін маржандары

Аңдатпа

Қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесі оқушыны тек білім алушы ретінде ғана емес, өмірлік жағдаяттарда тиімді шешім қабылдай алатын, ақпаратпен еркін жұмыс істей білетін, ойы жүйелі, көзқарасы қалыптасқан жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге бағытталып отыр. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты да осы бағытты ұстанып, жаңартылған мазмұн арқылы оқушылардың, логикалық және сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуға ерекше мән беруде.

Осы орайда, қазақ тілін оқыту процесінде мәтінмен жұмыс жасау — оқушының танымын кеңейтіп, тілдік және ойлау дағдыларын ұштайтын, өмірмен байланысты білімді қалыптастыратын негізгі әдістемелік құрал болып табылады. Мәтін – баланың тілін ғана емес, ойлау, түсіну, талдау, салыстыру, дәлелдеу, қорытынды жасау сияқты жоғарғы деңгейлі дағдыларын дамытудың қуатты құралы.

Мектеп жасындағы бала – тіл арқылы ой қалыптастырып, тіл арқылы өз орнын табатын, ұлт рухын бойына сіңіретін жас ұрпақ. Сондықтан, мәтінмен жұмыс тек грамматикалық құрылымды үйретуге ғана емес, оқушының логикалық пайымын, жазылым дағдысындағы қабілетін, ақпаратты сүзгіден өткізіп, оны өмірде қолдана білу машығын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Бұдан бөлек, мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушылар ұлттық құндылықтарымен, тарихи-мәдени мұрамен, қазіргі қоғамның мәселелерімен ұштасқан мазмұнмен бетпе-бет келіп, тіл үйренумен қатар тәрбиелік, дүниетанымдық, рухани ізденістерге де қадам жасайды.

Демек, «Мәтін маржандары» тақырыбы — заман талабына, білім беру стандарттарына және оқушы дамуына сай келетін өзекті әрі қажетті бағыт болып табылады.

1. Логикалық ойлау мен сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру:

- оқушылардың мәтіндерді талдау, ақпаратты ұғыну және түсіндіру дағдыларын дамыту;
- оқушыларды сұрақтар арқылы терең ойлауға, аргументтер келтіруге және пікірталастарға қатысуға үйрету;
- оқушыларды өз пікірлерін жүйелі түрде жеткізуге, өз көзқарастарын дәлелдеуге үйрету.

2. Функционалдық сауаттылықты арттыру:

- оқушылардың қоғамдық өмірде, тұрмыста, кәсіби салада алған білімдерін қолдануға үйрету;
- мәтіндер мен ақпараттық ресурстарды өмірде тиімді пайдалану, ақпаратты саралап, оны қолдану дағдыларын дамыту.

3. Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін арттыру:

- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың қиялын, креативті ойлауын жетілдіру;
- оқушыларды шешім қабылдауға, жаңа идеялар ұсынуға ынталандыру;
- тапсырмаларды орындау кезінде өздерін шығармашыл тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік жасау.

4. Ұлттық құндылықтарды сіңіру және тұлғалық тәрбиені қалыптастыру:

- оқушыларға қазақ мәдениеті мен дәстүрлерін терең түсіндіру;
- оқушылардың ұлттық санасын, тіл мен мәдениетке деген құрметін қалыптастыру;
- ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтар арқылы оқушылардың адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілігін дамыту.

кеңінен қолданылған. Бұл оқушыларға өз білімдерін заманауи әдістермен толықтырып, оқу процесінде цифрлық сауаттылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама оқушылардың жеке тұлғалық және кәсіби дамуындағы кешенді тәсілдерді, қазіргі заманғы білім беру талаптарын ескере отырып құрылды. Бағдарламада тілдік дағдылар мен ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылық пен сыни ойлауды қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына ерекше назар аударылады.

Мәтін маржандары тақырыбындағы жұмыс оқушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін арттырып, олардың логикалық ойлау, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық және құзыреттілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Осы мақсатта бағдарламаның соңында оқушыларда келесі нәтижелер күтіледі:

1. Тілдік дағдылардың жетілдірілуі:

- қазақ тіліндегі сөздік қорын кеңейтеді;
- грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға дағдыланады;
- ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын арттырады;
- логикалық ойлау және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінің дамуын арттырады;
- мәтіндермен жұмыс істеу барысында логикалық пайымдаулар жасайды;
- әртүрлі тақырыптар бойынша сыни тұрғыдан пікір білдіре алады;
- аналитикалық ойлау дағдыларын жетілдіреді.

2. Шығармашылық және креативті ойлау қабілеттерінің қалыптасуы:

- шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы креативті шешімдер ұсына алады;

- әдеби шығармаларды терең түсініп, өз пікірлерін жүйелі түрде жеткізе алады.

3. Функционалдық сауаттылықтың артуы:

- қазақ тілінде қоғамдық және тұрмыстық жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасай алады;
- ақпаратты талдай отырып, оны дұрыс қолдану дағдыларын меңгереді.

Оқушылардың тілдік дағдыларын, логикалық және сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, қоғамдық қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. Бұл талаптар оқушылардың қазақ тілін терең меңгеруіне және оны күнделікті өмірде тиімді пайдалануына мүмкіндік береді. Талаптар оқушылардың жан-жақты дамуына, оларды ойлау қабілеті мен жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Қорытындылау формасы:

Бағдарламаны оқыту барысында оқушылардың жетістіктерін бағалау және оқу үдерісінің тиімділігін анықтау үшін қорытындылау формалары қолданылуы қажет. Қорытындылау оқушылардың алған білімін, дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін, сондай-ақ тілдік құзыреттілігін тексеруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда қолданылатын қорытындылау формаларының бірнеше түрі бар.

- коммуникациялық дағдыларын, ұжымдық жұмыс қабілеттерін және өз ойларын дәлелді түрде жеткізу дағдыларын тексеруге мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс бойынша қорытынды бағалау:

Бағдарламаның соңында оқушыларға арнайы мәтіндер беріледі, оларды талдау және интерпретациялау тапсырмасы беріледі.

- Мәтінді толық оқып, негізгі идеяны анықтап;
- Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, қорытынды жасау арқылы өз түсінігін дәлелдеуі тиіс.

Мұндай жұмыс оқушылардың логикалық ойлау, түсіну, талдау, және қорытынды жасау дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

Сыни тұрғыдан ойлау мен шығармашылық тапсырмаларды қорытындылау Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және сыни ойлау дағдыларын тексеру үшін соңғы кезеңде шығармашылық жобалар мен тапсырмалар беріледі:

- Шығармашылық жобаларды қорғау: Оқушылар өздерінің шығармашылық жұмыстарын, жоба қорғауларын ұйымдастырады. Бұл кезеңде олардың шығармашылық ойлау қабілеттері, өз идеяларын тұжырымдау, ұсыныстар мен шешімдер ұсыну деңгейі бағаланады.
- Пікірталас және дебаттар: Оқушылар тақырып бойынша пікірталасқа қатысып, әртүрлі мәселелер бойынша өз ойларын сыни тұрғыдан білдіріп, дәлелдер келтіре алады. Бұл олардың сөздік мәдениетін, анализ жасау қабілеттерін және аргументтер келтіру дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Оқушылардың білімін бағалаудың маңызды бөлімі ретінде өзін-өзі бағалау және өзін-өзі талдау енгізіледі. Оқушылар сабақтың соңында:

- Өзін-өзі бағалау формасын толтырып, қандай жетістіктерге жеткендерін, қай салаларда қиындықтар туындағанын айтады.
- Өзін-өзі талдау арқылы олар өздерінің жетістіктерін, мақсаттарын және келесі кезеңдерде жетілдіруге қажетті дағдыларын анықтайды.

Бұл әдіс оқушыларға өз оқу үдерісін бақылауға, өзіне-өзі есеп беруге және даму жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Өртүрлі формаларда қорытынды бақылау.

Өртүрлі бағалау және қорытындылау тәсілдері оқушылардың жеке жетістіктерін, ойлау қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін, тілдік дағдыларын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау арқылы олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, келешекте оқу процесін жақсарту үшін қосымша шаралар қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтматова, Г. Қазақ тілі мен әдебиетінің әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2004.
2. Артыков, М. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазмемкөркем, 2007.
3. Қабдолов, З. Әдебиет теориясы. – Алматы: Білім, 2002.
4. Сәтбаева, А. Тіл және қоғам. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
5. Момынова, Б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2005.
6. Жұмабаева, Қ. Қазақ тілінің теориялық негіздері. – Алматы: Жазушы, 2003.



Астана қаласы
ҚР ПБ МО «Қарлығаш» балабақшасы» ШЖҚ
Абенова Макпал Ерсайынқызы
Искакова Айгүл Сериковна



«Заманауи әдістер – балабақшадағы тиімді тәрбиенің кепілі»

Аннотация

Бұл мақалада ҚР ПБ МО «Қарлығаш» балабақшасының «Күншуақ» ересек тобында (4-5 жас) жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының тәжірибесі сипатталады. Авторлар өз тәжірибесінде заманауи педагогикалық әдістер мен технологияларды – ECERS шкаласы, Бусо-град, мнемотехника, денсаулықты сақтау технологиялары, Сингапур тәсілдері, сондай-ақ ойын, көрнекілік, жобалық, зерттеу және практикалық тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы балалардың коммуникативтік, танымдық, физикалық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту бағытында жүргізілген нақты жұмыстар мен жетістіктерін бөліседі. Мақала мектепке дейінгі тәрбие саласындағы тәрбиешілерге, әдіскерлерге және ата-аналарға пайдалы тәжірибе ретінде ұсынылады.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі тәрбие, заманауи әдістер, ECERS, Бусо-град, мнемотехника, Сингапур тәсілі, ойын арқылы оқыту, баланың дамуы, тәрбиешінің тәжірибесі, коммуникативтік дағдылар, шығармашылық қабілет, әлеуметтік-эмоционалдық даму, денсаулық сақтау технологиясы

Кіріспе

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде бала дамуына жан-жақты жағдай жасау – басты басымдықтардың бірі. Әлемде болып жатқан білім беру реформалары мен өзгерістерге сай, тәрбие мен оқыту процесінде жаңа әдістер мен технологияларды қолдану – заман талабы. Тәрбиешілердің кәсіби шеберлігі мен білімін үнемі жетілдіріп, балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамуына бағытталған озық тәжірибелерді тиімді пайдалану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Біз, ҚР ПБ МО «Қарлығаш» балабақшасының «Күншуақ» ортаңғы тобының тәрбиешілері – Абенова Макпал Ерсайынқызы мен Искакова Айгүл Сериковна, өз тәжірибемізде бала дамуын кешенді түрде қамтамасыз ететін заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануға басымдық береміз. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, зияткерлік және әлеуметтік-эмоционалдық қабілеттерін арттыруда бұл тәсілдер өз нәтижесін беріп келеді.

Іс-тәжірибеде қолданылатын әдістемелер мен технологиялар

Білім беру процесінде біз келесі әдіс-тәсілдер мен технологияларды жүйелі түрде өз іс-тәжірибемізде қолданамыз:

- ECERS (Early Childhood Environment Rating Scale) шкаласы – оқу ортасын ұйымдастыру мен бағалауға негізделген әдіс.

- Бусо-град әдістемесі – ойлау, сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған ойын технологиясы.
- Мнемотехника – есте сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамытудың тиімді тәсілі.
- Денсаулықты сақтау технологиялары – балалардың физикалық денсаулығы мен психоэмоционалды жағдайына қолдау көрсету.
- Сингапур тәсілдері – топтық жұмыс, ынтымақтастық, серіктестік арқылы оқыту технологиясы.
- Сондай-ақ, ойын, көрнекілік, сөздік, жобалық, зерттеу және практикалық әдістер – баланың қызығушылығын арттырып, белсенділікке тартудың негізгі құралы ретінде қолданылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту жұмыстары



Баланың тілі мен сөйлеу мәдениетін дамыту – біздің жұмысымыздың негізгі бағыттарының бірі. Тіл – баланың танымдық әрекетінің негізі болғандықтан, онымен тұрақты жұмыс жүргізіледі.

Қолданылған әдістер мен жұмыстар:

- Тіл ұстарту жаттығулары, логопедиялық тапсырмалар;
- Қысқаша ертегілерді рөлге бөліп сахналау;
- Мнемокестелер, өлеңдер мен тақпақтарды жатқа айту;
- Сюжеттік-рөлдік және дидактикалық ойындар: «Отбасы мүшелерін ата», «Көңіл күйінді тап», «Не қайда орналасқан?».

Бұл жұмыстар нәтижесінде балалардың сөздік қоры кеңейді, дыбыстарды дұрыс айтуға машықтанып, байланыстырып сөйлеу қабілеттері дамыды. Музыкалық әуенмен айтылатын тақпақтар мен әндер де балалардың тілін дамытуда маңызды рөл атқарды. Мысалы: «Қуырмаш», «Ақ қоян», «Аю», «Көңіл-күй», «Бақа-бақа» және т.б.

Танымдық және зияткерлік даму бағытындағы жұмыстар

Оқу іс-әрекетінің бұл бағыты балалардың ойлау, есте сақтау, салыстыру, талдау және жалпылау дағдыларын дамытуды көздейді.

Атқарылған жұмыстар мен ойындар:

- «Бір» және «көп» ұғымдарын меңгеру;
- Геометриялық фигураларды танып-білу, оларды түстеріне, пішініне қарай топтастыру;
- Логикалық ойлау дағдыларын дамыту ойындары: «Сиқырлы қалта», «Тактильді жәшік», «Айырмашылығын тап», «Біреуі артық»;
- Кеңістікте бағдарлау, шама туралы түсініктер: «Ұзын-қысқа», «Биік-аласа», «Жоғары-төмен».

Мұндай тапсырмалар мен ойындар балалардың ойлау қабілеттерін арттырып қана қоймай, олардың қоршаған орта туралы білімдерін тереңдетті.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту

Балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту – олардың өзін-өзі білдіруі мен жан-жақты дамуы үшін өте маңызды. Біз әр баланың шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасаймыз.

Қолданылған әдіс-тәсілдер:

- Сурет салу (дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдер);
- Қарындаш, бояу, қылқаламмен жұмыс;
- Аппликация жасау: дайын пішіндерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру;
- Ермексазбен мүсіндеу: «аққала», «алма», «доп», «шарлар»;
- Пазл, конструктор, ұсақ қол моторикасын дамыту жаттығулары.

Мысалы, «Кемпірқосақ» тақырыбы аясында балалар түрлі-түсті сызықтар арқылы бояу жұмыстарын орындап, түстерді ажыратуға үйренді. «Есіңе сақта және суретін сал» тапсырмасы арқылы балалардың есте сақтау қабілеті мен елестету дағдылары дамыды.

Физикалық және денсаулықты сақтау бағытындағы жұмыстар

Баланың үйлесімді дамуы үшін оның физикалық белсенділігі мен денсаулығына мән беру – біздің басты міндетіміздің бірі. Жұмыс барысында біз келесі әрекеттерге көңіл бөлдік:

- Қимылды ойындар: жүгіру, секіру, лақтыру;
- Күнделікті сергіту сәттері, тыныс алу жаттығулары;
- Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: қол жуу, бет сүрту, тазалық сақтау;
- Жеке қозғалыс белсенділігі бойынша жаттығулар.

Мұндай жүйелі әрекеттер балалардың бұлшық ет қозғалысын, жалпы дене дайындығын, координациясын жақсартты.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру

Әлеуметтік-эмоционалдық даму – баланың айналасымен қарым-қатынас жасау, өзін-өзі тану, эмоциясын басқару қабілеті. Бұл бағытта атқарылған жұмыстар:

- «Отбасы мүшелерін ата»;
- «Жолда жүру ережелері» – «Бағдаршам» ойыны арқылы;
- Жыл мезгілдеріне байланысты ойындар мен тапсырмалар;
- «Қайда мекендейді?», «Төлдерін тап», «Артық суретті тап», «Көлеңкесін тап» секілді ойындар.

Балалар өз эмоцияларын түсінуге, басқалармен қарым-қатынас орнатуға, қоршаған әлемді зерттеуге бейімделе бастады.

Мектепке дейінгі жастағы бала – болашақ тұлға, ел тірегі. Сондықтан да тәрбие мен оқыту үдерісінде заманауи, тиімді, баланың қызығушылығына сай келетін әдістер мен технологияларды қолдану – тәрбиешінің басты міндеті.



Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Көкарал ауылы
М. Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін мектеп
Мектепалды даярлық сынып мұғалімі
Зияшова Анар Сарсенбаевна

Мектепалды даярлық сынып балаларының танымдық, шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы қалыптастыру

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде баланың тұлғалық дамуын ерте жастан бастап қолдау – маңызды басымдықтардың бірі. Әсіресе мектепалды даярлық сыныбы – мектепке дейінгі тәрбиенің логикалық жалғасы мен бастауыш білімге даярлық кезеңі ретінде, баланың танымдық және шығармашылық әлеуетін белсенді түрде дамытудың мүмкіндігі жоғары орта болып табылады. Бұл жастағы балалардың ойыны – олардың негізгі іс-әрекет түрі ғана емес, сонымен қатар әлемді тану мен өз қабілеттерін ашудың басты құралы. Ойын барысында бала қиялдайды, зерттейді, салыстырады, рөлге енеді, әрекет етеді – бұл процестің бәрі оның ақыл-ойының, қиялының және шығармашылық күшінің дамуына әсер етеді. Сондықтан мектепалды даярлық тобына арналған білім беру мазмұны ойын арқылы ұйымдастырылуы тиіс. Бұл әдіс бала психологиясына сай, еркін және бейсаналы түрде білім мен тәжірибе алуына жол ашады. Ойындар танымдық белсенділікке ынталандырып қана қоймай, өз бетімен шешім қабылдауға, топта әрекет етуге, логикалық ойлауға, шығармашылық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Баяндаманың мақсаты мектепалды даярлық сынып балаларының танымдық және шығармашылық қабілеттерін тиімді қалыптастыруда ойын әрекетінің педагогикалық әлеуетін анықтау, ойын түрлерін оқу-тәрбие процесіне мақсатты түрде енгізу арқылы баланың ойлау, елестету, қиял және шығармашылық белсенділігін дамыту жолдарын көрсету. Сонымен қатар, баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалімнің ойын қызметін ұйымдастырудағы кәсіби рөлін негіздеу және ойын арқылы оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдерін сипаттау.

Зерттеу міндеттері

Осы баяндама аясында көзделетін негізгі міндеттер мыналар: мектепалды даярлық жастағы балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерінің даму ерекшеліктерін талдау; ойын әрекеті арқылы қабілетті дамытудың тиімді жолдарын анықтау; дамытушы ойындардың түрлерін саралау және олардың тәрбиелік, танымдық, шығармашылық ықпалын сипаттау; мұғалімнің ойын барысындағы рөлі мен ұйымдастырушылық шеберлігін сипаттау; оқу-тәрбие процесінде қолданылатын

ойындар арқылы баланың ойлау, елестету, құрастыру, модельдеу қабілеттерін дамыту жолдарын ұсыну.

Негізгі бөлім

Мектепалды даярлық жасындағы балалардың танымдық және шығармашылық дамуының ерекшеліктері

Мектепалды даярлық кезеңі — баланың жеке тұлғалық дамуындағы ең серпінді және қабылдауға бейім жас кезеңдерінің бірі. Бұл жаста бала заттар мен құбылыстар жайында алғашқы түсініктерін кеңейтеді, ойлау мен қабылдау қабілеттері дамиды, әлемге деген қызығушылығы артады. Танымдық қабілеттер — зейін, есте сақтау, қабылдау, қиял және ойлау секілді процестермен тығыз байланысты. Мектепке дейінгі жаста олар әлі тұрақты әрі толық жетілмеген, сондықтан бұл қабілеттерді белсенді түрде дамытудың негізі қалануы керек. Шығармашылық қабілетке келсек, ол балада табиғи түрде болады, бірақ оны дамыту мен шынайы қабілетке айналдыру — ересектердің, яғни педагогтің тікелей міндеті. Бұл кезеңдегі балалар өздерін ойын арқылы еркін білдіреді, қиялға беріледі, жаңа бейнелер мен сюжеттерді ойлап табады, өзіне таныс немесе ойдан шығарылған дүниені бейнелеп, қайта құрастырады. Сондықтан дәл осы кезеңде олардың ішкі әлеуетін ашуға, қабілеттерін өрістетуге, білім мен тәжірибені шығармашылық жолмен меңгеруге жағдай жасалуы тиіс. Мұның барлығы тек қана ойын арқылы тиімді жүзеге аса алады, себебі ойын — баланың өз табиғатына жақын, оның қызығушылығы мен ерік-жігерін оятатын орта.

Дамытушы ойын – бала қабілетін қалыптастыру құралы

Ойын — мектеп жасына дейінгі баланың ең басты әрі ең қуатты даму құралы. Дамытушы ойын – бұл мақсатты түрде құрылатын, педагогтың қатысуымен жүзеге асатын, баланың белсенді ойлауын, қиялын, сөйлеуін, қимылын, ептілігін және қарым-қатынасын арттыратын әрекет. Мұндай ойындардың түрлері сан алуан: дидактикалық ойындар, сюжеттік-рөлдік, шығармашылық ойындар, құрылымдық-логикалық және қимылды ойындар. Мәселен, дидактикалық ойындар арқылы бала түс, пішін, өлшем, сан, кеңістік ұғымдарын меңгере алады. Сюжеттік ойындарда ол өмірлік жағдаяттарды қайталап, ойша әрекет етеді, эмоциялық тәжірибе жинайды. Ал шығармашылық ойындарда бала өзінің ішкі «менін» бейнелеп, жаңа образ жасайды, ойлап табады, түрлі шешімдер ұсынады. Бұл ойын түрлері танымдық және шығармашылық қабілеттерді тек жаттықтырып қана қоймай, сонымен қатар эмоционалды, ерік-жігерлік және әлеуметтік дағдыларды да қалыптастырады. Ең бастысы — ойын баланың ішкі еркіндігін, қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оның білім алуына табиғи түрде жол ашады. Дамытушы ойындардың жүйелі, мақсатты түрде қолданылуы — балалардың жас ерекшелігіне сай дамуын жеделдететін қуатты тетік.

Мектепалды даярлық топтарында баланың танымдық және шығармашылық қабілетін дамытуда ойын – басты құрал. Сабаққа сюжеттік, рөлдік және шығармашылық

ойындарды кіріктіру арқылы бала өз қиялын, логикасын, ойлау қабілетін еркін көрсетеді. Мысалы, «Сиқырлы суретші» ойыны арқылы балалар еркін тақырыпта сурет салып, кейін оны сипаттап әңгімелеу арқылы тіл байлығы мен шығармашылық ойлауын дамытады. «Түсті пішіндер елінде» ойынында бала пішіндерді тану мен кеңістікте бағдарлау қабілеттерін жетілдіреді. «Кім жылдам табады?», «Бірге аяқта», «Ертегіні жалғастыр», «Сөзден суретке» сияқты ойын түрлері баланың елестету, есте сақтау және ассоциация құру дағдыларын дамыта отырып, оқу әрекетіне қызығушылығын оятады. Ойын арқылы жүзеге асқан әрбір әрекет – баланың өзін-өзі тануына, тұлғалық дамуына, еркін сөйлеуіне, шығармашылығын көрсетуге жол ашады. Сол себепті мұғалім оқу мазмұнын ойынмен ұштастырып бергенде, нәтиже де әлдеқайда жоғары болатыны сөзсіз.

Ойынның бала дамуындағы мүмкіндіктерін іске асыруда мұғалімнің кәсіби рөлі ерекше маңызға ие. Себебі ойын бала үшін қызықты, ал мұғалім үшін — мақсатты педагогикалық құрал. Осы екеуінің қиылысында нәтиже пайда болады. Мұғалім ойын процесін бақылап қана қоймай, оны тиімді бағыттап, мазмұнын байытып, бала әрекетінің сапалы болуына ықпал етеді. Ол үшін ең алдымен баланың қызығушылығын оята білу керек: ойын мазмұны баланың өмірлік тәжірибесіне сай, қызықты әрі танымдық болуы қажет. Мұғалім ойын ортасын көрнекілікпен, түрлі құрал-жабдықпен, сюжеттік бағыттармен байытып отыруы тиіс. Сонымен қатар, әрбір ойын әрекетінің артында нақты педагогикалық мақсат тұруы шарт — бірде логикалық ойлауды дамыту, бірде қиял мен шығармашылықты ынталандыру, енді бірде сөйлеу мен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру болуы мүмкін. Мұғалім ойын барысында балалардың белсенділігін қадағалап, олардың бір-бірімен өзара әрекеттесу деңгейін бақылайды, қажет болған жағдайда ойынды түрлендіріп, оның мазмұны мен формасын өзгертіп отырады. Жекелеген балалармен жеке тапсырмалар беру, топтық ойындарда рөлдерді әділ бөлуді үйрету, ынтымақтастыққа баулу — мұның бәрі мұғалім шеберлігінің көрінісі. Осылайша, ойын тек ойын күйінде қалып қоймай, дамудың қозғаушы күшіне айналады.

Баланың танымдық және шығармашылық қабілетінің дамуына ойынның нақты әсері

Ойын баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда практикалық әрі терең әсер етеді. Ойын арқылы бала байқайды, салыстырады, сұрақ қояды, шешім іздейді, ойлап табады — бұл процестердің барлығы оның танымдық белсенділігін арттырады. Мысалы, «Не өзгерді?» ойынында бала зейінін шоғырландырып, есін жаттықтырады; «Суретті жалғастыр» тапсырмасында қиялы мен бейнелеу қабілеті дамиды; «Ойлап тап!» секілді еркін ойындарда жаңа ой тудыру, шешім ұсыну арқылы шығармашылық элементтер көрініс табады. Мұндай ойындарда балалар бір ғана дұрыс жауапты іздемей, түрлі нұсқаларды ойластырады — бұл шығармашылық ойлаудың бастамасы. Сонымен қатар, ойын арқылы бала ішкі эмоциясын еркін білдіреді, басқа балалармен қарым-қатынас жасауға үйренеді, өз

идеясын ұсына отырып, өзгелердің пікірін тыңдауға дағдыланады. Осылайша ойын барысында баланың логикалық, бейнелік, сын тұрғысынан және дивергенттік ойлау дағдылары дамиды. Ойын – баланы еркін болуға, қателесуге, қайта тырысуға мүмкіндік беретін қауіпсіз орта. Бұл ортада баланың сенімі артады, өзіне деген қызығушылығы оянады, шығармашылыққа ұмтылуы артады. Ойынмен дамыған қабілет – бұл ішкі мотивация арқылы жетілген, шынайы қажеттілікпен бекітілген, әрі қарайғы оқу мен өмірге дайындықтың берік іргетасы.

Ойын арқылы жүзеге асатын тұлғалық даму мен еркіндік

Ойын тек қабілетті дамытумен шектелмей, баланың тұлғалық қасиеттерін — дербестік, батылдық, ынтымақтастық, жауапкершілік, шыдамдылық — қалыптастыратын орта болып табылады. Мектепалды даярлық жасындағы балалар үшін тұлғалық даму мен еркін өзін-өзі көрсету — болашақ білімге деген қатынасын айқындайтын маңызды факторлар. Еркін ойында бала өз рөлін өзі таңдайды, әрекет сценарийін өзі құрастырады, бұл — оның таңдау еркіндігі мен ішкі ерік-жігерін дамытатын басты тетік. Мұндай жағдайда мұғалім қадағалаушы немесе бұйырушы емес, серіктес, бағыттаушы, қолдаушы тұлға ретінде көрінеді. Осы еркіндік жағдайында бала өз-өзіне сенеді, шығармашылық шабыт алады, ал бұл — тұлғалық даму мен әлеуметтенудің алғышарты. Рөлдік ойындар мен топтық әрекеттер арқылы балалар қарым-қатынас жасауды, өз ойын білдіруді, келісімге келуді, тіпті дау шешуді де үйренеді. Бұл — тек ақыл-ой емес, эмоционалдық және әлеуметтік интеллекттің де дамуы. Сондықтан да ойын — баланың ішкі әлемін ашатын, оны әлеуметке бейімдейтін, шығармашылық еркіндігін сақтай отырып тәрбиелейтін ең табиғи, ең өміршең әдіс. Мұны жүйелі түрде қолдану — мектепалды даярлық сатысындағы білім мазмұны мен формасын сапалы жаңғыртудың кілті.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ойын — мектепалды даярлық жасындағы баланың ең табиғи, ең тиімді әрі ең қауіпсіз даму алаңы. Бұл жас кезеңінде ойын — тек көңіл көтеру немесе уақыт өткізу құралы емес, баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыратын, тұлғалық дамуға жол ашатын әмбебап құрал болып табылады. Бала ойында өзін еркін сезінеді, еркіндік арқылы әрекет етеді, әрекет арқылы ойланады, ойлау арқылы жаңалық ашуға талпынады. Сондықтан да мұғалімнің басты міндеті — осы процесті шебер ұйымдастырып, баланың қабілетін тануға, ашуға және дамытуға жағдай жасау. Ойын арқылы бала қоршаған әлемді таниды, өзінің мүмкіндігін байқайды, бірлесе әрекет етуге үйренеді. Демек, ойын – бала өміріндегі ең қуатты дамытушы күш. Осыған орай, мектепалды даярлық сыныптағы білім беру мазмұны мен әдістері баланың жас ерекшелігіне сай, ойын әрекетін басшылыққа ала отырып құрастырылуы тиіс. Таным мен шығармашылық – еркіндікті, ал еркіндік – сенімділік пен қызығушылықты талап етеді. Мұны қамтамасыз ететін — сапалы ойын және білікті тәрбиеші.

Мектепалды даярлық топ мұғалімдеріне баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ойын технологияларын жүйелі түрде қолдану ұсынылады. Ол үшін мұғалім әрбір ойын түрінің (дидактикалық, рөлдік, шығармашылық, логикалық) нақты мақсатын айқындап, баланың жас ерекшелігі мен қызығушылығына сай жоспарлауы тиіс. Ойын барысында балаларға таңдау еркіндігін беру, өз идеясын білдіруге мүмкіндік жасау, ашық сұрақтар қою арқылы ойлау мен қиялды ынталандыру — шығармашылықтың негізі. Сонымен қатар, мұғалім ойын ортасын байытатын көрнекіліктер, табиғи және құрылымдық материалдарды тиімді пайдаланып, балалардың өзара қарым-қатынасын реттеп, ынтымақтастыққа баулуы қажет. Жеке қабілеттері бар балалармен арнайы тапсырмалар арқылы жұмыс істеу, ойын нәтижесін талдап, мадақтау арқылы өзіндік «менін» қалыптастыру – баланың болашақта тұлға болып қалыптасуына негіз болады. Ең бастысы – ойын процесін педагогикалық мақсатпен ұштастырып, баланың қабілетін байқауға емес, дамытуға бағыттау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұханбетжанова, С. Т. (2020). Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары. — Алматы: Дарын.
2. Жұмабаева, Ә. Қ. (2021). Ойын арқылы оқыту технологиясы және оны қолдану әдістемесі. — Шымкент: Білім.
3. Хухлаева, О. В. (2019). Психология развития дошкольника. — Москва: Просвещение.
4. Құлмағамбетова, Б. А. (2022). Мектепалды даярлықтағы дамытушы ойын түрлері. — Нұр-Сұлтан: Педагогика.
5. OECD (2023). Learning through play: Benefits and implications for early childhood education. — OECD Publishing.
6. Выготский, Л. С. (2021). Воображение и творчество в детском возрасте. — Санкт-Петербург: Речь.
7. Денева, Ж. М. (2020). Ойын технологиясының баланың дамуындағы маңызы. — Қызылорда: Ұстаз.



Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы
 №38 мектеп -гимназиясының
 Педагог -психолог, Педагог-сарапшы
 Психология ғылымдарының магистірі
 Рахимова Асия Гарифуллаевна

Тәуекел топ оқушылармен жұмыста тиімді техникалар

Тәуекел топтағы оқушылармен жұмыс істеуде тиімді техникаларды таңдау оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың тәуекел факторына, мінез-құлықтық және эмоционалдық ерекшеліктеріне байланысты.

Мақсат – олардың әлеуметтік, эмоционалдық, когнитивті және мінез-құлықтық дамуын қолдау, олардың өмірлік дағдыларын қалыптастыру және әлеуметтік бейімделуін жеңілдету.

Тәуекел топ оқушыларымен жұмыс істеуде қолданылатын тиімді техникалармды ұсынамын:

1. Тұлғаға бағытталған және қарым-қатынастық техникалар:

- Сенімді қарым-қатынас орнату: Бұл ең маңызды алғышарт. Оқушыны тыңдау, оның пікірін құрметтеу, эмпатия көрсету (оның жағдайын түсінуге тырысу), сыйластық пен жақындықты сезіндіру.

Техника: “Активті тыңдау” (оқушының айтқанын қайталап, нақтылап отыру), “Өзімді сіздің орныңызға қойып көрейін” (эмпатияны білдіру), “Мен” хабарламалары (өзінің сезімін білдіру, кінәлаудан аулақ болу).

- Жұмсақ жетекшілік : Оқушылардың өз шешімдерін табуына, өздерінің күшті жақтарын ашуына жағдай жасау.

Техника: Ашық сұрақтар қою (“Сіз бұл жағдайда не істер едіңіз?”, “Бұл сізге неге маңызды?”), ойын процесінде бағыт беру, мүмкіндіктерді ұсыну.

- Позитивті бекіту : Жағымды мінез-құлық пен жетістіктерді байқап, мадақтау.

Техника: Мадақтау сөздері (“Жақсы істедің!”, “Мен сенің күш-жігеріңді бағалаймын”), символикалық сыйлықтар (стикерлер, кішкентай грамоталар), арнайы мадақтау шаралары.

2. Эмоционалдық және мінез-құлықтық дамуға бағытталған техникалар:

- Эмоцияларды тану және реттеу: Оқушыларға өз эмоцияларын атауды, оларды қалай сезінетінін түсінуді және оларды қауіпсіз жолмен білдіруді үйрету.

Техника: Эмоциялар карталары (әр эмоцияға сәйкес суреттер), “Эмоциялар күнделігі” (күні бойы сезінген эмоцияларын жазу), тыныс алу жаттығулары, релаксация техникалары.

- Мінез-құлықтық дағдыларды дамыту: Агрессияны бақылау, импульсивтілікті азайту, конформизмнен аулақ болу, әлеуметтік нормаларды меңгеру.

Техника: “Әлеуметтік ертегілер” (белгілі бір мінез-құлықтың салдары туралы айтылатын ертегілер), рөлдік ойындар (жағымсыз мінез-құлықтың орнына жаңа, позитивті мінез-құлықты игеру), “Мінез-құлықтың ережелері” (топпен бірге құрылған ережелер).

- Қиындықтарға төтеп беру (Resilience Building): Оқушылардың қиындықтар мен сәтсіздіктерден кейін қайта қалпына келу қабілетін арттыру.

Техника: “Менің күшті жақтарым” тізімін жасау, “Менің жеңістерім” альбом, “Сәтсіздіктен сабақ алу” талқылаулары.

3. Когнитивтік дамуға және оқуға бағытталған техникалар:

- Оқу мотивациясын арттыру: Оқуды қызықты, мағыналы ету.

Техника: Ойын элементтерін енгізу (викториналар, конкурстар), оқуды өмірмен байланыстыру (әртүрлі кәсіптер, өмірлік мысалдар), оқушының жеке қызығушылықтарын ескеру.

- Зейін мен есте сақтауды дамыту: Оқу материалына зейін қоюды және ақпаратты есте сақтауды жақсарту.

Техника: Дидактикалық ойындар (логикалық, есте сақтауға арналған), мнемотехникалар (ақпаратты есте сақтау тәсілдері), қысқаша конспектілер мен интеллект карталарды қолдану.

- Сыни ойлауды дамыту: Ақпаратты талдау, бағалау және өз ойын білдіру қабілетін қалыптастыру.

Техника: “Пікірталас” (белгілі бір мәселе бойынша екі жақты пікір таластыру), “Бұл ақпарат қаншалықты шындыққа жақын?” (ақпараттың сенімділігін бағалау), “Сөзсіз аяқта” (ойды аяқтау).

4. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған техникалар:

- Командада жұмыс істеу: Бірлесіп жұмыс істеу, бір-біріне көмектесу.

Техника: “Командалық жобалар”, “Бірге шешеміз” тапсырмалары, топтық ойындар.

- Коммуникативті дағдыларды дамыту: Сөйлесу, тындау, пікір білдіру, конфликтсіз қарым-қатынас орнату.

Техника: “Шеңбердегі әңгіме” (әркімнің сөз алу мүмкіндігі), “Сұрақ-жауап” сессиялары, “Біздің топтың сөйлеу мәдениеті” ережелерін қалыптастыру.

- Конфликтті шешу: Даулы жағдайлардан шығудың конструктивті жолдарын үйрету.

Техника: “Конфликтіні шешудің 5 қадамы” (жеке немесе топпен талдау), “Бітімгерлік” ойындары, “Екі жақтың да мүддесін ескеру” принципі.

5. Полимодальді техникалар (кешенді әсер ету):

USTAZ ENBEGI

- Арт-терапия: Сурет салу, мүсіндеу, қолөнер арқылы эмоцияларды, қорқыныштарды, ойларды білдіру.

Мысал: “Менің қорқыныштарым” (оларды суреттеу және олармен күресу жолдарын іздеу), “Менің арманым” (келешекке деген позитивті көзқарасты қалыптастыру).

- Ойын терапиясы: Әсіресе кіші жастағы балалармен тиімді.

Мысал: Құммен ойнау (баланың ішкі әлемін бейнелеу), қуыршақ театры (әлеуметтік сценаларды ойнау).

- Музыка терапиясы: Музыка арқылы эмоцияларды реттеу, тынығу.
- Денеге бағытталған терапия: Денедегі ширығуды босату, дене сезімдерін бақылау.

Мысал: Йога, стретчинг, массаж элементтері.

- Ертегі терапиясы: Ертегілер арқылы әлеуметтік нормаларды, құндылықтарды, мінез-құлық үлгілерін сіңіру.

Тиімділікті арттыру үшін:

- Жүйелілік: Бір реттік шаралар емес, тұрақты, жүйелі жұмыс жүргізу.
- Индивидуализация: Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру.
- Қызықтыру: Оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
- Қауіпсіздік: Психологиялық және физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.



Атырау қаласы

№7 М. Әуезов атындағы орта мектеп

Бастауыш сынып мұғалімі

Нуркалиева Райна Мендигалиевна

Білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру жолындағы тапсырмалар жинағы

Қазіргі білім беру жүйесінде басты мақсат – оқушыны тек білім алушы ғана емес, оны өмірде қолдана білетін, жаңа жағдайға икемді, сыни тұрғыда ойлайтын тұлға ретінде қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда оқу сауаттылығы – білім алушының танымдық қабілетін дамытатын, ойлау мәдениетін қалыптастыратын маңызды құзырет. Оқу сауаттылығы тек әдеби шығармаларды оқу дағдысымен шектелмейді. Ол ғылыми-популярлық мәтіндерді, ресми құжаттарды, жарнамаларды, статистикалық мәліметтерді, инфографикаларды түсініп, олардан қорытынды жасай алу қабілетін қамтиды. Бүгінгі таңда халықаралық деңгейдегі PISA, PIRLS секілді зерттеулерде Қазақстан оқушыларының оқу сауаттылығына ерекше мән беріліп отыр. Сондықтан мұғалімдер үшін оқу сауаттылығын дамытуға арналған тиімді тапсырмалар жинағын құрастырудың, оны сабақ барысында жүйелі қолданудың маңызы зор.

Оқу сауаттылығының маңызы

Оқу сауаттылығы – мәтінмен жұмыс істей білу, оны түсініп қана қоймай, салыстырып, талдап, баға беріп, өмірде қолдана алу дағдысы. Ол бірнеше дағдылардың тоғысын құрайды:

- мәтінді түсіну (негізгі ойды анықтау, кілт сөздерді табу);
- ақпаратты талдау (себеп-салдар байланысын ашу, салыстыру, қорытынды жасау);
- ой қорыту (автордың ойын бағалау, жаңа көзқарас ұсыну);
- қолдану (алған білімді өмірлік жағдаяттарда пайдалану).

Бұл құзыреттілікті дамыту – оқушының жалпы оқу жетістігінің, болашақ кәсіби қабілетінің кепілі.

Қазақстандық білім беру жүйесінде оқу сауаттылығы

Қазақстан мектептерінде соңғы жылдары оқу сауаттылығын дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» функционалдық сауаттылық негізгі мақсаттардың бірі ретінде белгіленген. Ұлттық бірыңғай тестілеуде де оқу сауаттылығы жеке блок ретінде енгізілген. Бұл – тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің емес, барлық пәндердің ортақ міндеті екенін көрсетеді. Өйткені кез келген пәндік мәтінді түсіну, оны өмірмен байланыстыра білу – оқу сауаттылығының құрамдас бөлігі.

Оқу сауаттылығын дамытудағы тапсырмалардың рөлі

Оқу сауаттылығы кездейсоқ қалыптаспайды. Ол арнайы ұйымдастырылған

тапсырмалар арқылы дамиды. Мұндай тапсырмалар оқушыны:

- мәтінді терең түсінуге,
- ақпаратты жүйелеуге,
- өз ойын дәлелмен айтуға,
- шығармашылық тұрғыдан ойлауға жетелейді.

Тапсырмаларды дұрыс таңдау арқылы оқушылардың қызығушылығы оянып, мәтінге деген ынтасы артады.

Тапсырмалар жинағын құрастыру қағидалары

Мұғалімдерге арналған тапсырмалар жинағы мына қағидаларға сүйеніп жасалуы тиіс:

1. Әртүрлі мәтіндер қамтылуы керек – көркем әдебиеттен бөлек, публицистикалық, ғылыми-популярлық, ресми және күнделікті тұрмыста кездесетін мәтіндер.
2. Сұрақтар жүйелілігі сақталуы тиіс – жеңілден күрделіге (фактіні табу → салыстыру → талдау → қорытынды).
3. Шынайы өмірмен байланыс – тапсырмалар оқушыға таныс жағдаяттардан алынған болуы қажет (жарнама, нұсқаулық, қоғамдық ақпарат).
4. Көрнекілік пен интерактив – сурет, диаграмма, инфографика, бейнемәтіндер қолданылса, нәтиже тиімді болады.
5. Жас ерекшелігін ескеру – бастауышта мәтінді түсінуге бағытталса, жоғары сыныпта сыни ойлау мен бағалауға көбірек көңіл бөлінеді.

Практикалық тапсырмалар үлгілері (Бастауыш сыныптарға)

Бастауыш сынып – оқу сауаттылығының іргетасы қаланатын кезең. Сондықтан тапсырмалар жеңіл әрі қызықты болуы қажет. Олар оқушыларды мәтінді дұрыс оқуға, негізгі ойды табуға, қорытынды жасауға және өз ойын ауызша немесе жазбаша жеткізуге үйретеді.

Тапсырмалар үлгілері:

- 1-тапсырма. Қысқа мәтінді оқы. Мәтінге өз ойыңнан қызықты тақырып қой. Мақсаты: оқушыны мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге баулу.
- 2- тапсырма. Мәтіннен басты кейіпкердің жақсы қасиетін көрсететін сөйлемді тауып жаз. Мақсаты: оқушыны кейіпкерді сипаттай білуге, жағымды қасиеттерді тануға үйрету.
- 3- тапсырма. Мәтінге байланысты сурет сал немесе дайын суретті мәтін мазмұнымен сәйкестендір. Мақсаты: оқушының шығармашылық қабілетін дамыту, мәтін мен бейнені байланыстыру.
- 4- тапсырма. Мәтіндегі оқиғаға байланысты үш сұрақ құрастыр. Мақсаты: оқушыны сұрақ қоюға, ойлануға, мәтінмен жұмыс істеуге баулу.
- 5- тапсырма. Берілген сөйлемдерді ретімен орналастыр. Шығармадағы оқиға қалай өрбігенін көрсет. Мақсаты: оқиғаны хронологиялық ретпен түсіну, логикалық ойлауды дамыту.
- 6- тапсырма. Мәтінді оқып болған соң, «басты кейіпкерге хат жаз» (оның ісіне пікір білдір, кеңес бер). Мақсаты: оқушыны ой қорытуға, өз көзқарасын білдіруге үйрету.

Мұғалімдерге әдістемелік ұсыныстар

- Сабақ сайын қысқа да болса оқу сауаттылығына бағытталған тапсырма беріп отыру;
- Топтық, жұптық жұмыс түрлерін көбірек қолдану;
- Оқушыларға өз ойын ашық айтуға мүмкіндік беру;
- Жаңа технологияларды (онлайн викторина, интерактивті тапсырмалар) пайдалану;
- Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді сабақта жүйелі түрде қолдану.

Қиындықтар мен оларды шешу жолдары

Қиындықтар :

- Оқушылардың мәтінге қызықпауы;
- Уақыт тапшылығы;
- Тапсырмалар деңгейінің біркелкі болуы.

Шешу жолдары:

- Мәтінді өмірмен байланыстыру, қызықты деректер қосу;
- Қысқа, бірақ мазмұнды тапсырмалар құрастыру;
- Сараланған тапсырмалар беру (жеңіл, орта, күрделі деңгей).

Қорытынды

Оқу сауаттылығы – заманауи білім беру жүйесінің басты талабы. Оны дамыту үшін мұғалімнің шығармашылық ізденісі, тапсырмалар жинағын дұрыс құрастыруы және оны сабақта жүйелі қолдануы қажет. Тиімді тапсырмалар оқушыны ойлануға, ақпаратты талдауға, қорытынды жасауға және оны өмірде қолдануға үйретеді. Осылайша, оқу сауаттылығы жоғары оқушы – ертеңгі күні кез келген ақпаратты дұрыс түсініп, оны өзінің жеке және кәсіби өмірінде қолдана алатын тұлғаға айналады.